Учителя строительного дела были его помощниками: Попов Л.А., Хомяков Б.М., Бауценов Е.Г., Мусин К.Ж.. А мы молодые воспитатели и учителя были его гордостью. Так как мы осуществляли его идеи. В тоже время он учил нас строить, постоянно находился с нами, советуя, как лучше выполнить обязанность дома, как из местного материала: дерева, камыша, глины, без лишних затрат строить дома. Каждому человеку надо прожить в свое время и Кайреш Коспанович достойно прожил это время.

А.Е.Бауценов
учитель Архангельской
Школы-интерната.

ҚАЙРЕШ ҚОСПАНҰЛЫ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК ЛЕБІЗДЕР

Койшыгарин Наурыз Ақманұлы:

Қайреш Қоспанұлы менің ең сүйікті ұстазымның бірі еді. Өз ортасына өте сыйлы болды. Сабакты өте жақсы беруші еді. Ол кісінің алдынан оқыған көп шәкірттері жоғары білім алып, әртүрлі салада қызмет атқарып жүр. Қайреш Қоспанұлы бүкіл облысқа танымал ұстаз болды.

Отбасы да үлгілі болды 3 ұл, 2 қыз өсіріп тәрбиеледі. Бәрі де жоғары білім алды, қазір әр салада абырайлы қызмет атқарып жүр.

Соңғы алты жылдан бері құда болып сыйластық. Кездескен сайын інісіндей көріп ақыл кеңесін айттып отыруши еді. Төсек тартып, ауырып жатқанда міндеті Қаншайым құдағиымның мойнында болды. Өмірінің соңына дейін бала сияқты күтті. Қаншайым құдағиима балаларының қызығын көрсін деп тілеймін.

Нұрсипат Мұсақұлы:

Қайреш Қоспанұлымен біраз уақыт бір ауданда қызмет істедік. Қазіргі Шал ақын ауданындағы танымал ұстаз болды. Бір мектепте істемесек те аудан орталығында болатын түрлі жиындарға: партия активі, аудандық кеңестің сессиясы, мұғалімдер конференциясына, түрлі семинарларға бірге қатысып жүрдік. Оқығаны да тоқығаны да мол азамат еді. Кездескен сайын

жылы амандастып, пікірлесіп қалушы едік. Сол жақындығымыз Бескөлге көшіп келгесін де жалғасты. Бірақ Қайрөш соңғы уақытта төсек тартып ауырды. Мен көnlін сұрап барып жүрдім. Ораза айында ауыз ашарға, құрбан айтына, қызының баталарына мені машина жіберіп алғызып отырды. Раиса атты қызы қайтыс болғанда Қаншайым екеуі қатты қайфырды, өзі ауру адамға бұндай қайфыны көтеру оңай болмады. Өзі зират басына бара алмағандықтан мені алғызып үйде дұғасын оқытып отырды. Мен үйіне барған сайын ел жаңалығын сұрап, әнгімелесіп қалатын.

Адамзат бүтін адам ертең топырақ

Бүтінгі өмір жарқылдаپ, алдар бірақ.

Ертең өзің қайдасың білемісің

Өлім үшін туғансың ойла шырақ дегендей өмірден ерте кетті. Өткен өмірден қорытынды жасап, кейінгі ұрпаққа жазып кетері көп еді, бірақ Алланың жазуы осылай болды.

Барған сайын көріп жүрдім, Қаншайым жан жолдасын жас сәбидей күтті.

Қайрештің жаназасын шығарып, өзінің салдырыш қойған тамына, қызының қасына өзінің өсietі бойынша жерледік.

Өлім деген бір нәубат,
Тірі адамға келеді.
Жаратушы құранда,
Осылайша деп еді
Қалғанға беріп береке

Иманын берсін өлгеннің деп алладан алдының жарығын, артының қайырын берсін деп тіледік. Қаншайым барлық баталарын жасап отырды.

Иманы жолдас болсын, топырағы торқа болсын.

Орал Жанмырзаұлы:

Мен Қайреш Қоспанұлын Бескөлге көшіп келгеннен бастап қана көрсем де сыртынан ертеден билетін едім. Себебі, біз Қаншайымның ата-аналарымен, туыстарымен бірге тұрдық. Сонда күйеу балаларын Қайрешты мақтап отыратын. Әсіреле, Қаншайымның немере ағасы кезінде Жоғарғы Кеңестің депутаты болған, жазушы Мәсғұт Әлімжанұлы Шалабаев Қайреш туралы көп айтатын. Бірге жүрмесек те білімді, ұлағатты ұстаз екенін әңгімелерінен байқайтынмын.

Қайыржан Қалиұлы:

Қайреш Қоспанұлымен аталаспыш. Бір ауыл Қаратал аулының азаматымыз. Қайреш Архангелкада мектеп директоры болып істеп жүргенде біз Бескөлге көшіп келдік, жиі қатысып жүрдік. Арханкелкадан Бескөлге көшіп келгенде де жиі араластық. Кейін ауруға ұшырады. Раиса деген қызы қайтыс болып, ауруын мендетіп жіберді. Раиса талапты бала еді, өмірі қысқа болды. Әкемнің атын шығарамын деп жүр еді. Қайреш аурудың тағдырын тартты ғой, үйіне жиі барып

денсаулығын біліп жүрдім. Мен келгенде Қаратал көшіп келгендей болды ғой дейтін еді. Аз сөйлеп көп тыңдайтын адам еді. Оқығаны да өмірден тоқығаны да көп еді ғой. Онымен әңгімелесудің өзі бір ғанибет еді, көп білетін. Өзінің туып өскен Қараталын, оның адамдарын қадірлейтін. Осы күні қадірлес ініме дұғамды оқып отырамын.

Сара Шөкенқызы:

5- сыныптан 10-шы сыныпка дейін Көпей-ағам мен тәтем Қаншайымның қолында тәрбие алдым. Сол кісілер жалғыз маған емес, ауыл азаматтары Қайрат, Мағзұм, Әнуар, Зура, Ажар, Зара, Аманжол, Мінайдар ағайын туыстарға қол ұштарын беріп, қолдан келген көмектерін жасап, жақсы білім алуларына көп көмек атқарды. Сол кісілердің берген тәрбиесі далаға кеткен жоқ деп есептеймін.

Осы ағайын туыстар бәрі жанұялы болып, балаларының немерелерінің қызықтарын көріп отыр. Осындай жақсылықты кім ұмытады, Көпей ағамызды әрқашан есімізде сактаймыз.

Мейрам Қасенов:

Туып өскен жерім Қаратал ауылы 8-ші сыныпта оқып жүрген кезімде Ленин орта мектебінде маркум Қайреш Қоспанович мектеп директоры болып істегендеге бір өсиеті есімде бүгінге дейін қалды. Жастық кезде не болмайды. Класта бір тентектік жасап Қайреш Қоспановичтің

алдынан бірақ шықтым. Сонда ол кісі бір-екі сөз айтқанда, кіріп кетер жер таба алмай сасқалақтадым. Міне, сонда ғана мен ұстаз деген кім екенін, қандай жауапкершілік атқаратынын білдім. Сонда ол кісінің айтқаны бір ақ сөз «Мейрам, саған оқу керек, қашанғы малай болып жүресіндер». Бұл сөз маған арқа болды деп есептеймін. Алла жазып Кубанъда жоғарғы оқу орнын бітіріп келгенсін, Қайреш Қоспанулының үлкен ағасы Шөкеннің үлкен кызы Сараға үйлендім. Сонда Қайреш (Көпей аға) менің ағам Имаш екеуі біздің үйлену тойымызда жастарға: ден-саулықтарың мол болсын, балаларың көп болсын, ұйымдарың жоқ болсын деп бата берді. Сол екеуінің айтқан баталары періштенің құлағына шалынып, біз де міне көп балалы ата-ана болып отырмыз.

ҰСТАЗ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ...

Сонау елуінші-алпысыншы жылдары біздің ауылда, тек қана біздің ауылда емес, жалпы ауылдық жерде жергілікті басқару органдарымен бірге көрінетін ерекше тұлғалардың бірі-мұғалім. Біз мұғалім дегенді үлкен әріппен бастап айтатын едік.

Әуелгі бірінші класта (мен сынып дегенді түсінгім келмейді) Мұхамедия Абишев, одан кейін Қожабек Сұлейменов, Қапаш Құрманғалиев өқытты. Бізде география пәнінен сабак беретін.

Гумарова Мариям апайдың: Картаны солдан оңға қарай жылжи қарау керек, арал мен түбектің айырмашылығы, меридиан мен паралелдің түсіндірмесін осы елу жыл асса да қайталап айта аламыз.

Мұғалімнің төбесі көрінсе, қыстықуні аязда топтаяқты қызара-бөртіп, буымыз бүркырап ойнап жатсақ та, тоқтай тұрып, малақайымызды алып сәлем беретінбіз. Әке мен шешеден кейінгі өмір бойы қарыздар болатын тұлға ұстазың. Ол кісілер соған ылайықты болатын.

Біздің балалық ойымызша мұғалім деген тамақ ішпейтін, үстіне бір шаң жуымайтын періште сияқты болып көрінетін. Сабак үстінде пысылдаған біздің деміміз, бордың тақтаға тиген тырсылы, мұғалімнің қоңыр салмақты дауысы ғана естілетін. Олар тек кластың есігін ашып кірген жоқ, олар өзімізді баурап, жан-дуниемізге бағдар беріп жетектеп ала кететін, балалық қиялымыздың өрісін өсіріп алға талпынтанын.

Кейіннен Ленин орта мектебінде бізің ауылдың балалары білім жөнінен басқалармен тепе-тең тұратын, кей-кездерде өз таланттымен көзге түсетін. Амандақ Абжановты бәрі «әдебиетші» дейтін. Рас, есейе келе ол білікті журналист болды.

Жылкелді Мұқанов жанып тұрған от болса, Шияп Садықов пен Ғазез Жақин - салмақтылық пен сабырлылықтың эталоны болатын. Сол ұстаздардың қайсысымен өмір мені толқындей

бірнеше рет кездесуге тура келді. Бәрінен жақын болып бауырына басып кеткен - Қайреш ағамыз болды.

Қаратал мен Социал баяғыдан арасында қыста-шанасы, жазда-арбасы дамыл таппайтын, жолдарын шаң, қар баспайтын, аралас-құралас, құдандалы ел болып жататын. (қазір де солай). Содан тағдыр айдал Бескөлде көрші болдық.

Қайреш ағамыздың ерекше бір қасиеті адамды өзіне бауырына басуға дайын тұруы.

1962 жыл. Шілде. Ленин орта мектебін тәмамдап оқуға кетуге дайындалып жатырмыз. Ой әр саққа жүгіріп, үйдегілер: «Алысқа барып қайтесің, осы Қызылжарға бара салсайшы», - деді. Соған мінездеме дайындал, Қайрөш ағайымызға кірдім. Дағаның мый қайнаған ыстығына қарамастан, ескі корпуста (қарағай бөрене, кейіннен 99-шы жылдары өртеніп кетті) қоңыржай кабинетінде мені қарсы алды. Орнынан тұрып, - Кел, төрлет, - деп өзі де орындығын жылжытып жаныма жақындады.

Қағазды олай да, бұлай да төңкеріп қарап:

- Иә, сонымен, мұғалім болғың келеді ғой? Мен үндеместен басымды изедім.

Кенеттен: - Сен өзің осы мектепті күміс медальға бітіруге лайық екенсің ғой, - деді.

Әттеген-ай, мынау географияны қайтадан тапсыруға болатын еді ғой. (география менің жақсы көретін пәндерімнің бірі болатын.)

Орнынан атып тұрып, әрлі берлі жүріп, мығым, тортпак, тығыршық денесімен тез айналып, қалың касты ойлы қой көздерінің астынан маған сүйкімделе қарап:

- Серіkbай, ақылымды ал. Эне Болат (Құсайнұс) Алматының нархозына бара жатыр. Сен оны алыс десең, мына Ақмолаға, ауылшаруашылық институтына бар. Жаңадан экономист дайындайтын факультет ашылып жатыр. Ол жұмыс-перспективасы мол. Бізге де бір бастық керек қой деп, - арқамнан қақты.

Сол кісінің сөзі, жолдамасы-өмірлік жолдама болды. Он жылдай экономист, қалған уақытта әртүрлі басшы қызметте, отыз бес жылдай ауылшаруашылық саласында еңбек етіп келемін.

Құдайға шүкір, әртүрлі заман, уақыт болып жатыр, бірақ алған мамандығыма өкінбеймін.

1996 жыл. Қоңыр күз. Бескөл. Гүльназия екеуміз аула ішінде жүргеміз. Таныс дауыс:

- Өзіміздің Серіkbай мен Гүльназия екен ғой.

- Қаректарым, қоныстарың қайырлы, іргеміз бір-бірімізге құтты болсын. Мынау үйіміздің ол-пұлын бітірген соң біз де келесі жылы келеміз ғой, - деді.

Қаз-қалпы өзімнің мұғалімім. Қайреш ағамыз, Қаншайым женгеміз. Көп кісі біле бермейтін шығар, көрші болып байқағаным, құдай берген табиғи үйымдастыру қабілеті әрбір үлкен-кіші істен байқалып тұратын. Атамыз айтқандай «мәттағамдағы».

Ауланың ішінде қой, сиыр, тауық жүріп өтсе де, бір қылтаң көрінбейтін, айыр-күрек өз орнында, балтасы саптаулы, қаптары-каптаулы тұратын. Үйдің архитектурасын қора-қопсының орналасуын өз қолымен сыйып орнатты ғой.

Кезінде маған басқа мамандыққа бар дегенде, өзінің түп көңілінде шаруашылыққа деген икемділік, ел басқаруға деген қабілеттілігін толық іске асыра алмадым деген арман болған шығар-ау...

...Өмірінің соңғы күндерінде бірнеше ай, жүздеген күндер төсек тартып жатса да, көңілін сұрай барғанда, барлық жаңалықты сұрап, ел-жүрттың амандығын-тиыштығын тілеп отыратын.

- Патшамыз аман болсын. Ана-мына бәрі айта береді ғой. Бір үйдің өзінде қаншама проблемалар бар. Еліміз әлі жас, қарманған қарап қалған жоқ қой, - дейтін.

Осылай көз алдында-қарманған, тырмысқан, жігерлі де еңбеккор, ұлағатты ұстаз тұрады.

С. Елемесов

БЫЛ ТРЕБОВАТЕЛЬНЫМ И ЗАБОТЛИВЫМ

Школьные годы... У всех из нас они были, в каждом осталась отметина памяти о втором доме школе, о вторых родителях учителях...

Именно школьные годы самые светлые, чистые накопленные надеждами на лучшее и стремлением идти вперед. Мы еще не взрослые, но уже не дети, именно наши наставники учителя помогают разобраться в новом мире в мире взрослых, самостоятельных людей. Они мысленно стоят перед нами и сейчас серьезные, требовательные, идущие навстречу, воспитывающие все самое лучшее в нас, помогающие разобраться в плохом и хорошем, найти единственное, правильное решение. Для меня таким человеком был Коспанов Кайреш Коспанович.

1967 учебный год в Кривоцековской средней школе района Шал акына (бывший Сургевский район) начался со знакомства школы с новым директором Коспановым Кайрешем Коспановичем. По его выступлению мы поняли, что это требовательный и строгий человек. Преподавал он нам историю СССР. Его уроки проходили живо, ученики вступали в полемику по международным вопросам, истории СССР. Наш класс был выпускной, поэтому приходилось очень много заниматься, готовиться к будущим

экзаменам. Кайреш Коспанович часто бывал на открытых уроках в нашем классе, его волновал вопрос квалифицированных кадров на селе - зачастую в школах преподавали бывшие выпускники школ. Кайреш Коспанович создал благоприятные условия для нашей учебы, именно для преподавания в выпускном классе он собрал квалифицированных учителей.

Много сил Кайреш Коспанович отдал физическому воспитанию детей. С его приходом начал строиться спортивный комплекс. Были оборудованы футбольное, волейбольное поля, спортивный зал.

Я ходил в школу с лесхоза, село Ровное. Этот населенный пункт находился в 3 км от села Кривощеково, центральной усадьбы совхоза «Заря». Училось нас с этого села 25 человек. Возили учеников летом на открытой грузовой машине, а зимой на тракторных санях. Директором лесхоза был народный акын Северо-Казахстанской области Нуртазин Ахметжан Нуртазинович. Благодаря встрече двух директоров, лесхоза и школы, лесхоз выделил для перевозки школьников автобус. Во всем чувствовалась его забота об учениках, преданность к своему делу.

После успешной сдачи выпускных экзаменов, по наставлению и совету Кайреш Коспановича и директора лесхоза Нуртазина А.Н. я поехал поступать в Политехнический институт города Алматы.

И сейчас, спустя годы в сентябрьский праздник знаний, видя нарядных школьников несущих большие букеты цветов, в памяти всплывают воспоминания о моей родной школе, об учителях, встречавших с улыбкой у классной двери, о Кайреше Коспановиче, дающим нам, выпускникам в жизнь свое «отцовское» наставление.

М. Жантлеуов,
заместитель директора
РГП «Есіл су».

ВСЕ НАЧИНАЕТСЯ С ЛЮБВИ

“Все начинается с любви: и озарение, и работа” писал поэт Роберт Рождественский. Для Коспанова Кайреша Коспановича школа начиналась с любви к детям, педагогам.

Это я могу утверждать, так как почти 6 лет проработала в Кривошековской средней школе, где директором был Кайреш Коспанович.

В 1973 году по направлению приехала в данную школу, сразу бросилась в глаза в школе светло, безукоризненная чистота, центральное отопление словом, современная сельская школа.

В тот момент, конечно, я не понимала, что судьба послала мне счастье работать с опытным, умным, принципиальным руководителем. В коллективе сложилась доброжелательная, но в то же время требовательная атмосфера. Мы, молодые

учителя, были поставлены перед необходимостью постоянного расширения и углубления знаний. В школе были созданы и хорошо оборудованы учебные кабинеты литературы, истории, физики и химии, начальной военной подготовки, географии, биологии и школьная библиотека. Кайреш Коспанович очень много внимания уделял учебно-материальной базе школы.

Директор школы постоянно проверял работу по организации шефства высококвалифицированных мастеров педагогического труда над молодыми педагогами, часто сам посещал наши уроки, очень корректно давал советы. Большую работу проявлял о создании необходимых бытовых условий для молодых специалистов.

Учебная деятельность учащихся была непосредственно связана с производительным трудом. Отличный пришкольный участок, летом работала школьная производственная бригада. Когда работал Кайреш Коспанович большое развитие получило самодеятельное художественное творчество. Кружками и коллективом художественной самодеятельности охвачены были все школьники и учителя. Жить было очень интересно.

Для развития познавательных интересов мы организовали факультативные, кружковые занятия, развернули краеведческую работу. Мы знали всех ветеранов войны с.Кривощеково, передовиков

производства, первых целинников. Был создан небольшой школьный музей.

Наши школьники были победителями районных, областных олимпиад.

Кайреш Коспанович находил время беседовать с каждым учителем отдельно о его работе, знал сильные и слабые стороны каждого педагога. Он уделял большое внимание деятельности интерната, бытовым условиям воспитанников.

Под руководством Кайреша Коспановича велась содержательная и разнообразная по формам воспитательная работа. Проводились школьные вечера в каждую неделю, почти еженедельно спортивные соревнования. Школа работала почти круглосуточно.

Помню, как-то приехала из ЦК комсомола проверка в школу и представители были очень удивлены, когда мы сказали, что нет среди школьников ни одного случая правонарушения и сколько-нибудь серьезных нарушений правил поведения учащихся, внутреннего распорядка школы. Творческая атмосфера в коллективе благотворно повлияла на учащихся, способствовали выработке у них ответственного отношения к учению, повышению воспитанности.

Удивительная трудоспособность Кайреша Коспановича его энергия, энтузиазм, четкость мысли, организаторский талант, постоянное стремление к совершенствованию заражали всех членов педколлектива. Мужчины, работающие в

школе, постоянно что-то строили, переделывали, учителя и дети постоянно в кабинете что-то переоборудовали.

В школе часто проводились политинформации для учащихся старшеклассников и учителей. Учителя школы читали лекции родителям учеников, среди односельчан.

Кайреш Коспанович сам участвовал в различных конференциях. Вопросы формирования мировоззрения учащихся, развития их творческого мышления, интересы к учению, приобщения школьников к мировой культуре захватили его интересы.

К любой работе относился очень серьезно, вдумчиво всегда стремился проникнуть в самую суть проблем. Его лекции и выступления привлекали научной строгостью, честностью, ясностью, вместе с тем необычной простотой изложение вызывало у аудитории живой интерес.

Кайреш Коспанович очень серьезное внимание уделял созданию творческого, работоспособного учительского коллектива. Работали тогда вместе с ним такие прекрасные педагоги как Веселова Валентина Андреевна, Брусенко Лидия Андреевна, Коломиец Анатолий Иванович, Коломиец Глира Кабиевна, Давыдова Дина Ивановна, Картауская Александра Ивановна, Картауский Николай Тихонович, Ботанина Марья Иосифовна, Летушова Лидия Августовна, Хромова Анна Ивановна,

Мусина Жұмағызы Могебаевна, Мусин Касым Жахинович, Хромов Андрей Андреевич и другие.

Умело проводил педагогические советы, любой сложный вопрос рассматривался с различных точек зрения, выносились объективные принципиальные мнения. Яркий, живой, энергичный, мудрый руководитель создал все возможности для реализации способностей каждого члена коллектива.

Кайреш Коспанович владел величайшим искусством работать не только с педколлективом, он умел пробудить у учащихся интерес к знаниям. Пытался разуть в душе детей огонек доброты, порядочности, честности, верности, любви. Народная мудрость гласит: “Тот, кто творит умного и доброго человека, тот самый искусный мастер на свете”. Был умелым, хорошо знающим свое дело педагогом т.е. мастером с большой буквы.

Кайреш Коспанович был хорошим отцом, боготворил собственных детей, любил искренне свою жену. Патриот, человек высокой культуры, огромной работоспособности отдал все свои силы, талант школе, детям, учителям, народу.

Работая с Кайрешем Коспановичем я поняла, что мало получить учительский диплом, приобрести навыки преподавательской работы. Надо владеть еще величайшим из искусств – искусством любить детей. Кайреша Коспановича окружали разные ученики: решистые и послушные, смешные и

серъезные, но он всех ценил, понимал, проникался уважением к ним, тем самым находя путь к сердцу каждого школьника.

Незаурядный педагог и неутомимый труженик и хороший человек таким остался Кайреш Коспанович в памяти всех, кто работал вместе с ним.

Уйдет в небытие многое, ничто не вечно под луной, а о хорошем педагоге будут помнить.

Память и любовь – это награда Кайрешу Коспановичу.

К.Р. Жандосова
учитель физики школы № 8

ЕҢБЕК ЕТУГЕ ҮЙРЕТЕ БІЛГЕН ПЕДАГОГ

1966 жылдың жазғы жайлар да шуақты күндерінің бірі дәл кеше ғана болғандай көз алдымда. Ленин ауылының ортасында кең ауланың ішінде ағаштан салынған, сол кезде біз үшін ең үлкен мектеп болатын.

Бірінші сабактың соңына қарай, «Сені директорға шақырады» - деп бір оқушы келді. 9"Б" сыныбының оқушылары да, мен де сезіктене қалдық. «Интернатта бірдеме болып қалды ма?» деген ой мазалады, себебі қыздар интернатының председателі болатынын.

Ақырын басып, рұқсат сұрап директордың кабинетіне кірдім. Шағын бөлмеде Қайреш Қоспанұлы өзі ғана отыр екен. «Сәрсенбаева Элия сен боласын ба?» - деді. Менің үрейленіп тұрғанымды көргесін бе, әйтеуір, сәл ғана жымиып, мән-жайды баяндады. Ол кезеңдерде окушы қауымы «директор» деген сөзден қорқады, «шақырып жатыр» десе одан әрмен қорқамыз. Сондықтан болар сезімінді қорқыныш билеп тұрғанда директор өзі айтқасын, сенбеске амалым жоқ, сенейін десем, тұсіме де кірмейтін жағдай. Откен жазда Қабден ағайдың машинасы кузовында Сейітқожин Кәкімжан мұғалімнің басқаруымен шағын ауыл Социалдан Петропавлға саяхатқа барып қайтқан болатынбыз. Ал мен үшін сол күні «Бес күнге Мәскеуге баrasын», - деген қуанышты хабарды айтып отырған Қайреш Қоспанұлының сәл жымиған кейпі менің жадымда мәңгілікке қалды деп ойлаймын.

Құрамында 25 окушы, 2 мұғалім бар біздерді Қайреш ағай сәтті сапарға шығарып салған болатын. Балауса жастық шағымызға жарқын үміт отын жаққан, жан дүниемізге ілгері буынның алдында борыштық, сезімін сепкен жауапты сапарды ұйымдастыру оңайға түсті-ау деп ешкім ойламайды. Бұл, әрине, қайратты, қажымайтып ерлер ісінің бір көрінісі деп түсінген дұрыс болар. Қайреш ағаның қолынан атtestat алдым.

Кейін оку бітірген соң Кривошеково орта мектебінде екі жыл жұмыс істедім. Жандосова

Күлтай Рымжанқызы физикадан, мен математикадан сабақ береміз. Сабақ бір ауысымда болады, ал біз болсақ 7-8, кейде кешкі 10-ға дейін сол мектепте боламыз. Үйге қайтар жолда Қайреш Қоспанұлымен жиі кездесіп қаламыз. Себебі ол кісі мектепте түнге дейін жүреді. Сонда бізге айтады: «Мен осы екеуіңе ризамын, еңбек жолын осылай бастау керек, «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» деген мақал естерінде болсын».

Қайреш Қоспанұлы тынымсыз еңбек еткен, еңбек етуге үйрете білген, бүтінгім жетеді демей, ертеңгіге талпынған қажымас ер, азамат тұлғасында есімізде қалды.

Үйретуден жалықпаған,
Заманында шалықтаған.
Өмірінде ешқашан
Қыындықтан қорықпаған,
Айбатына қайраты сай,
Тұлғасына пішіні сай.
Қажымаған қайсар ер
Топырағың торқа болсын Қайреш ағай.

А. Сарсенбаева,
Петропавл гуманитарлы-техникалық
колледждің оқытушысы, кафедра
менгерушісі

АҚЫЛДЫ ҚАМҚОРШЫМЫЗ ЕДІ.

Атамыз Қоспаннан тараған балаларының ішінде алғаш жоғарғы білім алған ең кенжесі ағамыз Қайреш еді. Үш бірдей ағасы Ұлы Отан Соғысына аттанды олар: Бікан, Шөкен, Салық. Сондықтан Қайреш ағамыз өмір тауқыметіне жастайынан араласты, 12-13 жасынан колхозда жұмыс істеп, қағаз танитын елде ешкім қалмаған уақытта ауылда учетчик болған. Ол жастығына қарамастан ерте есейді, үлкен ағаларымыз өте шаруақор бала деп ат қойыпты, Илиасқа (Қоспан атамын тұған інісі) тартқан деп айтады екен. Атамыз Қоспанның туған екі інісі болған: Илиас пен Абдрахман. Кіші Абдрахман жастайынан сәнқой, сәнді киініп, жақсы ат, жарқылдаған ер-тұрманымен, жастардың, қыз-келіншектердің ойындарында жүріп, шаруашылыққа аса қарамайды. Заманының сал жігіті болыпты.

Ал, ортанышы інісі Илиас атамыз кішкентайынан қолынан күрек тұспеген, есейе келе қолына балта ұстап, бүкіл туыстарының қамын ойлап, құрал-саймандарды: айыр, тырнауыш, күрек жасапты, бүкіл үлкендердің де, бала-шағалардың да шашын, тырнақтарын алып, отын, шөп дайындау, науқаны, қонақ келсе мал сою сияқты істер сол кісінің үлесіне тиген көрінеді.

Ал, атамыз Қоспан (үлкені) жастайынан дінге жақын, сауатты молла болған. Сөзге сараң, өте жуас күні-түні өқитыны құран, бес уақыт намазын

еш қаза қылмаған адам. Үкіметтің дін адамдарына қарсы тұрған уақытында да құдай жолынан еш таймаған кісі еді. Атамыз түнде қатты үйқыда жатқан уақытында да, өңіндегідей қатты дауыспен құран сүрелерін (аяттарды) оқитын. Оны өзі білмейді, ал біз балалар оянып кетіп, тыңдал отыратынбыз.

Ұлken баласы Бікан Ленин колхозында басқарма болып жұмыс атқарады. Сонда атамыз баласының үйінде күндіз болып, кешке сол үйге қонбай, қызы Құлзипаның үйіне барып жататын. Себебі, ол кезде колхозда гостиница (қонақ үй) деген болмайтын.

Ауданнан келетін бастықтар көбіне колхоз басқармасының үйіне келіп қонатын. Сонда қызының үйіне түнде кетіп қоюның себебі, үйқтаған уақытта тағы да діни аятты өңіндегіндегі оқып қалсам, ауданнан келген бастықтар естіп қалып, балама (Біканға) бір зияным тиіп кетер деп сақтанған түрі екен. Қазақтың әдемі салтының бірі аганың, не інісінің баласын баурына салып алу, өсіріп-тәрбиелеу. Бұл ағайын арасының татулық сыйласуға, тамаша, маңызды әсер етеді ғой. Сондықтан да шығар, Қоспанның Шөкен деген баласын кіші інісі Абдрахман баурына салып, өсірген, ал Кенжесі Қайрештің “шаруақор бала” болып өсуіне, ортанышы інісі Ильястың тікелей тәлім-тәрбиесі әсер еткен. Діни ұғымдарды жақсы біліп, бойына сіңіру, адалдықты, қайырымдылықты жас кезінен қолынан келген жақсылығын ешкімнен аямауы, бастаған ісіне тилянақты болуы, әділдікті

канына сіңіруі, әкесі Қоспаннан қалған (өзі аға дейтін) дәстүр еді.

Біз үшін асыл тұлға-әжеміз еді. Әжеміз Бибіғам Жандаuletқызы өзіміздің Қаратал ауылының тумасы, 1891ж. туып, 1977 жылы 86 жасында дүниеден өтті. Атамыз Қоспанға 13 жасында тұрмысқа шығып, шаңырақ ішіндегі татулық өмірдің арқасында балалы-шағалы болып, өрісі көбейіп, тамырын терең жайған ана еді. Бікан, Шөкен, Салық, Қайрөш, Құлән, Құлзипа атты ұлқыздары ер жетіп, шаңырақ көтерді.

Мен әжемнің үлкен немересі болғандықтан мені бір жастан асар-аспаста бауырына салып, өзінің кенже баласында тәрбиелеп өсірді. Әжеміздің өзімен тетелес он бес шақтыabyсындары болды. Міне, солabyсындары (маған бәрі әже) бірімен-бірі өте тату, кішіпейіл, қайырымды болды. Бала болсам да осындаі көп әжелердің бір-бірімен ұрысқанын естіген де, көрген де емеспін. Менің әжемді сол маңайдағыabyсындары дәу келін, ал басқа туыстары Би апа деп атайдын. Заманың ауырлығы мен жоқшылықтарына төзіп, әрқашан өзін ерекшетаза ұстай білген адам еді.

Басына киетін жаулықтары, кимешектері, ұстіндегі қамзол, көйлектері ерекшे жарқырап, ақ шағаладай кірсіз болуы - әжеміздің өте таза кісі екенін білдіруші еді. Әжемнің осы қасиеті біздің отбасымызға да дарыды. Үй іші өте таза, әр нэрсе өз орнында тұратын еді. Біздің үйдің ауласы да ине

табылатында тазалықта болатын. Әжем жасынан өте қайратты, күш-жігері мол, дінімізге жанымен берілген кісі еді. Қымызды дайындау кезінде, жас биелерді саууға, әсіресе, асауларды, менің әжем ғана үйрететін.

Ертеректе ауылымыздың ойын-тойында балуан күреске де түсіп, талай жігіттердің жамбасын жерге тигізіпті. Атамыз Қоспан дінге берілген, молла, бес уақыт намазын қате қылмаған, жаратылысынан сабырлы, жуас, кісі еді. Ол кісінің бойына сіңген қасиетінің бірі, - дін жолынан таймады, екіншісі аңшылық еді. Атамыздың биесін өрттеу, бүркітті балтау, итін күту бәрі әжеміздің міндеті болатын. Аңнан келген атамыздың сақал-мұртына қатқан мұзды аршу, аттан түсіру, үйді жылдытып, пештің жанына көрпе төсеу, ыстық тамағын дайындау бәрі әжемнің міндеті, атқаратын дайындау ісі болатын. Көбіне атамның әкелетін аны қоян, оны 15-20-лап әкеледі. Әжем сол қояндарды, маңайдағы ағайын-тұғандарға бөліп беретін.

Ұлы Отан соғысы жылдары атам мен әжемнің үш ұлы Бікан, Шөкен, Салық, әскерге алынып, соғысқа аттанды. Құні-тұні аллаға жалынып, көздің жасын көл қылған, атам мен әжемнің тілегіне орай екі ұлы Бікан, Шөкен соғыс біткесін аман-есен елге оралды. Салығы Польша жерінде 1944 жылы опат болып, Варшава қаласындағы соғыс құрбандары зиратында жерленді.

Міне, осындағы қыстау заманда әжем бас болып, жалғыз сенері көпей баласы Қайрешпен бірге отырып, аянбай еңбек етті, бала-шаға, келіндерін жүдептей аман сақтауда - әжемнің еңбегі зор болды.

Аллаға шүкір, соған да қуанамын, мақтаныш етемін әжемді. Әжем марқұмның маған деген жүргегінің шын берілгенін, ешқашанда ұмытпаймын, ол бір айтып жеткізе алмайтын үлкен сезім ғой.

Әлі үйленбекен кезім, жас болса 21-22 келіп қалған кез. Студенттін, жазғы демалыс кезінде елге келемін. Соңда әжем төр үйдің ортасына мамық құс төсек, таза жастық салып қояды. Тұн ортасында көрпемді жамылдып болғанда, әжем өз төсегінен түсіп, менің аяғыма келіп, аяғымды екі төсінің ортасына басып мен ұйықтағанша жатпайтын еді. Не қылған мейрімділік десейші. Сүйкімді әжемді мен қалай ұмытармын, қайда жүрсем де, өзі үйреткен 3-4 аятымды оқып, бағыштаймын, тек сауабы тисін!

Бірде Қайреш ағай екеуміз әңгімелесіп отырғанбыз, оның әке-шешесі, яғни менің ата-әжем туралы бір әңгіме басталып кетті. Соңдағы Қайрештің айтқан сөзі әлі есімде.

- “Әй, Төбкен деді, маған қарап, - қаншама бала тәрбиелеп, мұғалім болсам да, бір жаратушы күш, алланың бар екенине, күмәнсіз сенемін, - деді. - Өзің қараши, деді тағы да, - Менің ағам (әкесі) сенің атан, нағыз құдайы жуас, аузынан өмір бойы

жаман сөз шықпаған, ешкімге қиянат істемеген, өзінікінен айрылмаса, біреудің ала жібін аттамаған, от басында да дауыс шығарып өктеле сөйлемеген, құдайдың бір пәк пендесі. Міне, осындай кісіге менің анамды, алланың бұйыртуы, таңданарлық іс емес пе? Әкеміз жуас, оған, қайратты, жігер күші мол, адамгершілік пен әділдіктің қассиеттерін бойына сіңірген анамды бір от басында табыстыруы нағыз алланың бар екенін дәлелдей түскендей емес пе.

Енді міне, осындай от басынан, аллаға шүкір мен мақтанатындаған ағаларым, апаларым бар. Барлығы да еттері тірі, пысық, өздерінікіне өздері ие, бәрі де жақсы от басы болды, елдерінің қадірлі, сүйкімді азаматтары болды. Ал егер, атаңың мінезіне сай, қосылған әйелі де сондай былжыраған жуас болса, олардан қандай ұрпақ құтуге болар еді?” дегені бар.

Соғыс біткелі екі-үш жыл болса да, оның зардабы жазыла қоймаған кез, халықтың түрмисы бірде жетіп, бірде жетпей, жатқан уақытта ойда жоқта Илиас атамыздың үйі өртке шалынып, түп орнымен күйіп кетті. Міне, сондай ауыр жағдайда, күндіз колхоз жұмысы, түнде сол атамызға басспана салып беруде Қайрештің орасан еңбегі сінді. Нағыз туысқа, ағайынға деген қайрымдылығы, жанашырлығы ел аузында аңыз болып қалды.

Елдегі қолынан іс келеді-ау деген екі-үш ақсақалды үйымдастырып, түнде айдың жарығымен сол үйді салып беріп еді. Ол кезде

“пилорама” деген жоқ, соған қарамастан өзінің ептілігімен, ерекше шеберлігінің арқасында есік, терезе, көсек, рама дейтін үйге керекті жабдықтардың бәрін өз қолымен Шөкен ағасына да Қараталда үй салды, ағасы Біканға да алты бөлмелі ағаш үй тұрғызды. Бұл үйді ағасының зейнеткерлікке шығар алдындағы тартқан сыйлығым еді деп айтушы еді.

Ағайын-туғандарға осындай қайрымдылығы мен қамқорлығы ерекше өнегелі іс еді. Жастайынан бойына дарыған қасиеті, бастаған істі тиянақты етіп бітіру, кімге болса да үлгі боларлық. “Әттең, жасым ұлғайыңқырап қалды, жастау болсам құрылыш институтына түсіп, кемінде прорабтың мамандығын алып шығар едім”, - деуші еді.

Зарядағы Кривошекова орта мектебінде директор болып істеп жүрген кезі. Совхоздан орта мектепке бір ескілеу машина алды. Сондай машиналар Сергеев ауданының эр он жылдық мектептерінде болды. Бірақ ескі машинаны жөндеу, шамалы еңбек ақыға шофер табу оңай жұмыс болмайтын. Сол машинаға, бір шофер тауып, күрделі жөндеуден өткізді, оны мектептің жұмысына да, кейде жұмыстың қызыған, әсіресе егін орағы кезінде совхоз да пайдаланатын. Арасында ел тойға немесе бір батаға да сұрап алатын. Ондай да, нағыз мұқтаждық пен сұраған адамдардың бетін қақпауға тырысатын.

Осы совхозда бас есепші болып, Усбанов Сибан деген жігіт істеді. Қайрештен жасы кіші

болғасын “аға” дейді, ал Қайреш оны “іні” деп жүретін. Бірін бірі сондай сыйлайтын, көңіл жақын азаматтар. Бірде бас есепші Сибан: - Қайреш аға, маған машинаңды берсеңіз, барып келетін жерім бар, еді дейді. Бұл машинаның моторын жөндеп, обкатка жасап жатқан кез, әлі жүргуте ертерек болатын.

Сонда Қайреш оған қарап отырып әзіл-шыны аралас: “Уай, інішек, совхоздың бір деген бас есепшісінің, қарамағында совхоздың автокөлігі, онда ондаған машиналар бар, сен менен машина сұрайтындағы мұқтаж емессің ғой, мына қылышыңда қарағанда сен тағы да сұраудан тайынатын жан емессің. Сен он рет машина сұрап, бетінді қайтармай, он рет берсем сен риза боласың, мені мақтайсың. Ал, он бірінші рет сұрағанда мен саған машина бермесем, сен маған реніш білдіріп, сыртымнан болса да жамандайсың. Ол шындық. Сондықтан он рет мақтау алып, он бірінші рет жамандау алғанша, мен осы бірінші сұрағанда саған машина бермейін деп отырмын”, депті.

Күзгі уақыт, мал қамайтын уақыт жақындалап қалған кез. Малқораның есігінің бір тақтайы түсіп қалып, соның орнына тақтай дайындал қағып жатқанмын. Әлгі дайындаған тақтайым өте кепкен, әйтеуір 4-5 шеге қағып, бәрі майысқасын, солай қалдыра бердім, соңғы шегені қағайын деп жатқанымда Қайреш ағай, менің жаныма келді. Мен оның маған қарап тұрғанын байқамай, әлгі соңғы шегемді қағып жатып, тағы майыстырып

алдым. - “Уа, Төбкен, амансың ба, мынауың не істеп жатқаның”; деді. Мен ол кісіге құле қарап, амандасқаннан кейін; осылай есікті жөндейін деп едім, бірақ мына шегелерді қағып едім, майыса береді, - дедім. “Бауырым-ай осыншама шегені бір жерге қағып, майысқанда-рын солай қалдырғаның, қолынан түк те келмейтін еріншектің, не жалқаудың ісі, қаға алмаған, майысқан шегені қайта суырып алып, оны түзетіп қайта қағуға болады ғой” деп, менің қолымнан балғамен тістеуікті жұлып алып, барлық шегені қаққан жерінен суырып алды да, түзетіп-түзетіп, мен қаға алмаған шегелерді тақтайға, қаға бастады. Жұмыстың үлкен-кішісі болмайды, бәрінеде жауапкершілікпен қарау керек, өз істеген ісіңе өзің қуанатындай болу керек”, деп, маған шын ықыласымен күлімдеп қарағаны әлі көз алдымда.

Тобыл Қоспанов.

ӘРҚАШАН ЖҰМЫСТЫ БІРІНШІ ОРЫНФА ҚОЯТЫН

Нағашым Қайреш менің 6 жасымда біздің елге Ленин орта мектебіне мұғалім болып келді. Әлі есімде шешем Күлзипаның қуанғанын, мактаныш тұтып, маған, елдегі ағайындарға: - “Біздің Қайреш мұғалім, сабақ беретін болды”, - деп түсіндіретін.

Мен екі-үш күн өткесін мектепке нағашымды іздел бардым. Мен өзім ата-әжемнің бауырында өстім де нағашы жағындағы туыстармен салқындау болатынын. Бірақ нағашыларыма деген сезімім өзгеше болатын.

Мектепке кіріп, залда аздап тұрып тындаsam нағашымның дауысы бір кластан айқын естіліп тұр екен. Мен кластың есігін ашып едім, көзіміз екеуміздің кездесіп, әжептәуір ашылған есікте тұрып қалдым.

Нағашым оқушыларды ескертіп, маған қарсы есіктің сыртына шықты. Мені қолына көтеріп, күлімсіреп, ай жарайсың жиенім, мені іздел келдің бе? Жүр деп класқа жетектеп кіргізді де артқы партага отырғызып қойды. Өзі сабақты жалғастыра берді.

Сондағы маған қараған өте жылы көздері әлі есімде. Маған класқа кіргесін бәрі қызық, ол кісінің класта жүргені, сабақ түсіндіргені. Сабақ біткесін мені Қайреш нағашым бірсыппыра жерге дейін шығарып салды.

- Келер жылы мектепке өзім әкелемін, кәзір үйге бар, мен кешке сіздің үйге келемін, - деді.

Сөйтіп келер жылында нағашым өз қолымен жетектеп мені 1 класқа апарды.

2 класты мен әкемнің інісі Дүйсе Әбілевпен Жаңажолға бірге көшіп, сол ауылдың мектебінен оқыдым. Сонда 7 клас бітіргесін қайтадан әкем қолына келіп, 8 класқа Ленин орта мектебінде оқыдым. Ленин орта мектебінде мен нағашым алдынан сабак оқыдым, орыс тілі, литература пәнінен. Менің жалпы оқуымды ол кісі бақылап жүрді, әр уақытта тәртіпке шақыратын. Екеуміз бірге қунде дене шынықтыратынбыз. Менің ағам Дүйсе (ол кісі математик) екеуі бірін-бірі өте сыйлайтын. Бірінебірі қонаққа барып сыпайы әңгімелесіп, сыйлайсушы еді.

Кейін Қарағандыға оқуға тұстім. Мен институтқа оқуға тұсті дегенде нағашым шексіз қуанды. Қарағанды өзінің оқып білім алған жері. Мен студент болғаннан кейін менімен өзімен теңдес адамдай сөйлесетін болды, бірақ әлгі үйрету, тәртіпке шақырып отыру ол кісі үшін міндет сияқты болатын. Демалысқа келгенде Қаншайым жеңгеміз екеуі мені әр-әр уақытта үйіне қонаққа шақыратын, балаларымен жақындағып отыратын. Оқу бітіріп, мен құрылыш инженері болып елге қайттым. Сергеевкада “ПМК”-да мастер болып орналасып, кейін сельхозуправлениеге бас инженер болып ауыстым.

Нагашым ол кезде Кривощеково мектебінде мектеп директоры болып қызмет істейтін. Алғашқы қызмет істеген мектебі ескі барап сияқты болды. Енді ол кісінің ойы осы “Заря” совхозына типтік жобадағы мектеп салдырту болды.

Сонымен ол кісі, маған: - Дулат, мектеп салуға ақша бөлдіру сенің қолыңнан келеді, көмектес, әлгі жобалаушыларыңды әкелсейші, санитар-эпидемстанциядан қағаз алуға көмектес. (мектеп ескі оқу оқуға жарамайды, санитарлық жағдайы келмейді деген сияқты). Байқаймын совхоз директорымен де жаман емес сияқтысын, - деді.

Сонымен мектеп салуға нағашымның келгіштей беруімен ұлықсат алынып, үкіметтен ақша бөлдірттік. Мектеп салғанда ол кісі бос уақытын сол құрылышқа жіберді. Қалай салынып жатыр, қалай қымталынды, не керек, мектеп бүйімдарын сатып алғанымызда ішінде өзі жүрді. Сөйтіп Кривощеково жаңа мектебі сылынып бітті, окушыларды қабылдады.

Нағашым өзіне де, туыстарына да, маған да талап қойғыш болды. Ол кісі үшін тәртіп, тазалық, жұмыс бірінші орында тұратын.

Мен үйленетінімді алдымен нағашыма айттым. Алатын қыз сіздің алдыңыздан оқыған аты Әлия дегенімде ол кісі:

- “Шәріпова ма? деді. Ай жарайсың жиенім, ол бала менің алдыннан оқыған. Барлық балалар мұғалімнің есінде қала бермейді. Есінде жақсы оқитын, тәртіпті, немесе тіпті тәртіпсіз,

бұзықы нашар оқитындарда қалады. Ал, Әлия мен Фалия Шәріповалар өте биязы, жақсы оқушыларым еді. Мен саған ризамын, кешке үйіңе барып әкешешенің ұлықсатын әперемін”, - деді.

Сөйтіп, Әлия екеуміздің жан-ұямызды нағашым өте жақсы көрді. Әтрақытта қатынасып жұбымыз алыстаған жоқ. Кәзір де нағашым дүниеден өтсе де біз женгеміз Қаншайыммен, нағашым балаларымен қатынасып тұрамыз.

Дулат Әбілов.

ОБРАЗЕЦ ПОРЯДОЧНОСТИ И ВОСПИТАННОСТИ

Я от всей души и с добрым сердцем хочу написать о незаурядном, умном, глубоко порядочном человеке Коспанове Кайреше.

Хотя, конечно в двух строках об этом человеке не напишешь, не хватит и одного тома книги чтобы рассказать о нем.

Я племянник Копей-Ага Бауржан.

Мое повествование будет состоять из того, что я чувствовал, впитывал в себя общаясь с этим человеком, приезжая еще в детском возрасте гостить в дом Копей-Ага. Тогда в своем детстве я почувствовал к себе симпатию этого человека. Осмелюсь сказать, что неплохо знал этого неповторимого, сложного и прекрасного человека. Судьба его сколь яркая, столь и трагическая.

Педагог по образованию он воспитал пятерых детей, дал им образцовое образование.

Мне кажется, что этот крепкий во всех смыслах человек впитывал в себя, терпел, молча переносил все удары судьбы. Может быть это и плохо, иногда надо говорить, выплескивать из себя эмоции, ведь не каждая душа и сердце может выдержать. И мне кажется сердце этого человека не выдержало. Мы с моей мамой очень ждали полного выздоровления Копей-Ага ждали его в гости к себе на Костанайскую землю. На склоне лет человек должен посетить родных и близких, родные места. Мы глубоко скорбим, я осмелюсь сказать о безвременной утрате Копей-Ага.

Еще хочу написать о замечательном эпизоде из моей жизни, который я запомнил на всю свою, сколько мне отведено Аллахом жизнь.

Происходило это осенью, семья Копей-Ага переезжала из своего дома в село, Архангелка в поселок Бишкуль, это был последний день переезда, уже все перевезли, мебель, скот, все необходимые по хозяйству вещи. День был солнечным, теплым и немного грустным, даже казалось солнце немного загрустило, чуть потускнело ведь всегда жалко и грустно расставаться со своим родным, тем, что построили твои руки. Даже мне было грустно, я зашел в пустой дом и почувствовал, что каждый уголок, каждая стена этого дома несет в себе историю жизни этого человека в этом доме.

И вот он окинул в последний раз своим хозяйственным взором свой дом, оседлал лошадку, погрузил на повозку последние забытые вещи, и мы вместе тронулись в путь. Ехали мы долго, Копей-Ага что-то рассказывал мне, пытался научить управлять повозкой, учил еще чему-то, к сожалению, у меня не все сохранилось в памяти. На половине дороги я уснул, проснувшись, я увидел спину Копей-Ага управляющего повозкой, мы уже подъезжали к его новому дому, который он построил буквально своими руками. Но это уже другая история, я думаю о ней расскажет кто-нибудь другой. А самое замечательное в этой истории то, что она мне запомнится на всю жизнь, а вместе с ней и мой дядя, ведь мне было так хорошо, так тепло и спокойно в этой повозке возле Копей-Ага.

Для меня он всегда останется образцом порядочности и воспитанности. Это действительно человек с большой буквы.

Б. Байгентов,
племянник К.Коспанова.

СЧАСТЬЕ ИМЕТЬ ТАКОГО ОТЦА

Благодарю всевышнего за счастье родиться, за счастье иметь такого отца.

С самого рождения согревают мою жизнь, дают силу и надежду та любовь и тепло, которое я видела всегда в глазах моего отца, мудрых и бесконечно понимающих.

Будучи третьим ребенком в семье, я была очень привязана к папе. В нем не было ничего того, чтобы я не любила. Все, что во мне есть хорошего, это от отца. Во многом разные по натуре мои родители имели одно общее: оба великие труженики. Труд в нашей семье был всегда основой всего и считался привилегией.

Папа умел и любил работать так, как это дано немногим. Сам процесс работы доставлял ему радость и удовлетворение; мне посчастливилось увидеть и узнать эту радость рядом с ним. Обыденный труд будь то ремонт или новая постройка, работа в саду, уход за животными, папа делал умело и с удовольствием, а потому и результат был всегда наилучший.

А как он умел изобретать ...

И всегда любил читать, читал папа много и часто вместе с нами, с детьми. Мы быстро все прочитывали и удивлялись, что папа читает медленнее нас, а потом оказывалось, как много нужного и интересного мы не заметили и приходилось краснеть.

Где бы мы ни жили, папа всегда сооружал для нас спортивную площадку. Великий практик, мастерски владевший всеми необходимыми ремеслами, папа был не менее великим романтиком.

Рядом с ним всегда было так легко думать, надеяться, мечтать. Дети лучше взрослых умеют отличить настоящее, истинное от напускного, искусственного. Папа любил все только настоящее. Он научил нас любить хорошую книгу, запах сена, радугу в полнеба, труд до пота... Отец превосходно понимал и знал суть людей, обладал великолепной интуицией и при этом всегда оставался человеком деликатным, благородным в высшем смысле этого слова.

Великое его понимание и милосердие давало силы не впасть в отчаяние перед реалиями жизни. С папой можно было говорить абсолютно обо всем, он умел слушать и слышать даже невысказанное, принимал и уважал мнение другого, пусть и ошибочное.

Будучи сам цельным человеком, самодостаточным во всем, наделенный от природы великолепными качествами, папа не ощущал своего превосходства перед людьми, всегда находил достоинства других и учил не замечать недостатки. Уроки жизни моего отца, великого мудреца... Он научил меня всему, начиная от заплетания косичек и кончая философским пониманием всего сущего.

Вспоминаю с благодарностью историю из детства. На уроках труда в школе я не сумела справиться с шитьем юбки, у меня не хватало материала, поскольку я много испортила. Дождавшись позднего вечера, когда папа приходил с работы, я пришла к нему с отчаянием. Помню лишь мягкий его укор. Папа сказал: “Если бы ты сказала об этом днем раньше, у нас с тобой было бы больше времени и мы тогда смогли бы сделать тебе великолепную юбку”. Юбку мы сделали ночью, папа просто скомбинировал ее из изрезанных мною лоскутов и вышло все замечательно: я потом в ней выступала на концерте в хоре. Когда потом появились такие комбинированные изделия в моде, мы с папой гордились, что изобрели это для себя еще раньше.

Если что-то не получалось у меня и папа видел, что смогу сама справиться, всегда говорил, что не знает и сам, как это сделать и где-то там в глазах виделася свойственную ему озорную добрую улыбку.

Воспоминания детства текут издалека передо мной и несут тепло и свет отцовской любви и уверяют, что “все будет как надо...”, так подбадривал всегда папа. В нем было столько живого темперамента, колоссальной энергии, настоящей мужской уверенности в себе, храбрости, доброты и сдержанности. Папа умел быть сдержаным во всем, кроме работы.

Папа всегда писал для себя, для нас и никогда не говорил об этом; просто спустя время случайно находились его тетради, где просто и мудро, очень кратко, интересно и остроумно, с теплотой писал он о жизни. Эту жизнь распознать невозможно. Сколько мужества и терпения было в папе, в его достоинстве, в умении остаться верным себе даже в последние мгновения жизни.

И я знаю, что где-то там, о чем мы не знаем, папа будет в согласии с высшей гармонией. И вглядываясь теперь в высокое небо, вижу радугу в полнеба послание от папы.

И если жизнь на земле дана нам для того, чтобы мы могли узнать и определить каждый для себя рай, то я об этом уже знаю, благодаря великой божьей милости...

А. Р. Кайрошкызы.

СҮЙІКТІМ, ЖАН ЖОЛДАСЫМ

Болашақ жарым Қайрешпен 1953 жылдың орта кезінде танысқан едім. Жетінші класты бітіріп, енді техникумға түсуді ойластырып жүрген кезім болатын. Біздің үйге сол жаздың жаймашуақ бір күнінде әскерден оралған бір солдат келіп тұсті. Оныменен анам таныстырыды: “Бұл жігіт бізге құда болады, аты Қайреш” деді. Жүзі жылы, адамды өзіне тартатын қасиеті бар кісімен тез арада танысып, тіл табысып
к е т т і к .

А л л а н ы ң

бүйрыйымен, тағдырдың жазуымен болған шығар, әйтеп, бір-бірімізді ұнатып, келешекте қосылуға уәде берістік. Мен дәл осы қадамыма еш өкінбеймін, үткені сол күні өмірлік сүйікті жан-жарымды таптым. Бірақ келісім бойынша екеуміз де оқуымызды жалғастыратын болдық, үйленуге асықпайық дестік.

Сөйтіп, сол жылы Қайреш Қарағанды қаласына тартты. Қарағанды педагогикалық институтының филология факультетіне, орыс тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түсті.

1956 жылы 13 қарашада екеуміз келісім бойынша қосылдық, үйлену тойымызды өткіздік. Ол кезде Қайреш 4 курс студенті еді. Қарағандыда пәтер жалдап, бір бөлмелі үйде студенттік өмір сүрдік. Әрине, студенттік өмірдің қынышылығы да болды, сонымен қатар қуаныш-қызығы да аз болған жоқ. Қайреш болмысЫнан іскер, еңбекқор адам болып жаратылған. Күні-түні оқудан бас алмай сабағына дайындалады, лекциялардан қалмайды, сөйтіп сессияларын (зачеты мен емтихандарын) жақсы, алдыңғы қатарда тапсырып шығады.

Қайрештің оқудан тыс қоғамдық жұмыстары бір басынан асып жатады. Партия мен кәсіподак комитеттеріне мүше болды, студенттік үйымдарды басқарды, содан институтта алдыңғы қатардағы белсенді студенттердің бірі болды. Бір кездері қалалық депутат болып та сайланды. Оқу, қоғамдық жұмыстар т.б. бәрін қамтып, бәріне үлгеремін деп қайнаған өмірге белсене араласып

жатса да үйді, жанұяны еш ұмытпады. Мені балаша еркелетіп, аймалап ұстады, үй шаруасына көмектесті. Студент кезімізде туған ең ұлken баламыз Жұрбектің жөргегін жуып, оны өзі тамақтандыратын, шомылдыратын, таза ауаға шығаратын. Жұрбек 1957 жылы туды. Оның атын Қайреш өзі қойды. Бұл Герценнің аты, яғни Жұрбек болады деген еді.

1957 жылдың жаз айында жоғарғы білімнің дипломын алып, үшеу болып, санымыз көбейіп елге оралдық. Соңдағы Қайрештің айтқан сөзі әлі есімде: “Қаншайым, сенің әке-шешең де, менің анам мен барлық туыстарым елде тұрады. Ендеше, елге жақындейық, екеумізге де пайдалысы сол” деген болатын. Сөйтіп, облыстық оқу бөлімінің жолдамасымен Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь (бүгінгі Шал ақын) ауданы, Ленин орта мектебіне келдік.

Бұл Қайрештің өскен елі, оқыған мектебі, бәрі таныс, бәрі жақын. Бірақ, өз мамандығы бойынша бірден сабак бола қоймады, көңілдегідей болмады деп Қайреш те қабақ шытпады. Екі жылдай дене тәрбиесі сабағын беріп жүрді. Бұл да оған жат іс емес, әскердегі үйренгені бір мектепке жетіп жатты. Көш журе түзеледі дегендегі кейін сабақ та табылды, 1959 жылы мектептің оқу ісін басқарды, 1963 жылы осы мектептің директоры болып тағайындалды.

Бахыт та, дәреже де енбек арқылы келеді. Еріншек адамға мал да бітпейді, өзінің қызметінен

де еш ләззат ала алмайды. Қайреш тынымсыз жан, бұл тынышсыз деген сөз емес. Ол өз ісін мейлі педагогтық, мейлі басқарушылық, тіпті қара жұмыс болсын тиянақты, ұқыпты орындауға тырысатын адам. Олардың ешқайсысынан да тартынбайтын. Ол істеген Ленин орта мектебінде (бүгінгі Мәркен Ахметбеков атындағы мектеп) қызмет атқарып жүргенде сабак біткен соң қолына балта алып, жолдастарымен беренеден, тақтайдан үй қиоға кіріседі. Бұл істі елі Қараталда да жасап, ағайындарына талай көмек жасағаны бар. Оның бригадасы мұғалімдерге үй салды. Өзінің үйін қорапқосысын да салып, шаруашылығын біраз көтеріп алды. Сонымен қатар бұл іске маңайындағы жастарды да іліктіре кетеді. Сөйтіп Қайрештің беделі мұғалімдер ұжымында, балалар мен ата-аналар алдында өсіп, үлкен құрметке бөленді.

Бір күні аудандық оқу бөлімінің бастығы Тимошенко Иван Иванович біздің үйге келіп: “Қаншайым, дайындал, Кривощекова селосына көшесіндер” деді. Тосыннан айтылған мына сөзге түсінбей қалдым, алғашында. Мәнісін кейін Қайреш түсіндірді, яғни Заря кеңшарындағы Кривощеково орыс орта мектебіне оны басшы етіп тағайында мақшы екен. Жақсы директорды жақсы мектепке ауыстырмайтындығы белгілі.

- Мынау үйді қалай тастап кетеміз, өзің салып едің ғой, - дедім мен. Осы жер жайлышы, үйреніп қалып едік. Директордан директордың дәреже

жағынан айырмашылығы қандай? Бұл жерде он жылдай тұрып қалдық, қызметіміз де жақсы...

- Иә, оның дұрыс деді Қайреш, - Жылды жерді сүйтпайық дейсің ғой. Бірақ, басшылар сенім артып отыр, оған да келіскең жөн. Үй, шошала, қора, сарай дегендерді Кривощековаға барған соң бұдан да артық етіп жасаймын, деп Қайреш мені ырықсыз көндіріп еді. Айтқанында жаңа қоныс та жайлыш болды, бәрі орынына келді, малдарды алғып келдік, үй де қора да салынды т.т.

Біз көшіп келгенде ескі мектеп үйі, тіпті оның ауласы көріксіз, маңайы лас тазаланбаған еken. Қайреш тағы да шаруашылыққа белшесінен кіріп, іске белсене кіріспіп кетті. Аз уақыттың ішінде көп іс тындырыды. Мектеп жөнделді, аула тазарды, көше жолдары асфальтталды. Балалар мен ата-аналардың қуанышында шек болмады. Алғашқы танысу жиынында Қайреш Қоспанұлы мұғалімдерге бір сұрақ қойды: - “Осы істі бұған дейін неге тындырып қоймадындар? Бұл іс балалардың және сіздердің қолдарыңыздан келетін еді ғой”. Сонда мұғалімдер: - “Біз сізді күттік” деген еken. Сөйтіп кейін жаңа келген жерде жаңа мектеп үйі салынды. Мен бес балалы ана болым, соларды тәрбиелеп өсірдік. Журбек, Манаrbек, Роза Кривошеково мектебін бітірді. Қалған Райса мен Ниязбек кейін Архангелка орта мектебін тәмәмдады. Сол Кривошеково мектебі аудандағы, облыстағы алдыңғы қатарлы мектептердің біріне айналды. Кабинеттік жүйе, тазалық, тәртіп, оқушылардың

білім деңгейі жақсарып ол жөнніде көп айтылып журді.

Соның нәтижесі болар: орден және бірнеше медальдар, мақтау грамоталары мен марапатталды, оқу ісінің үздігі атанды. Бұндайда алдымен жұбайы қуанады. Қайрешті сыйласп, күтіп қамқорлық жасап қолдап отырған мен үшін де абырой, менің де еңбегім жанғандай болып сезіндім.

Жақсы адамды (әрине жұмысы үшін) мақтайды, марапаттайды, бірақ аяқ-қолын жерге тигізбей бір жерден екінші жерге көшіре бергені ұнамады маған. Тағы бір аз уақыт өткеннен кейін Қайреш маған: “Ал, Қаншайым, көшейік” деп тосыннан айтып қалды.

- “Көшкенің не? Сен көшуге ерінбейді екенсің. Тағы қайда?” дедім мен.

- Корықпа, шет елге емес, өзіңнің туған жеріңе жақындеймыйз.

- Мен Омбының қазағымын ғой, не айтып тұрсың? Омбыға көшеміз бе?

- Жарайды, әңгімені кешке балалармен кездескенде жалғастырайық, деп, сөзін тоқтатты.

Кешке балалар мен бәріміз жиналдық. Қайреш бәрімізді залға отырғызып әңгімесін жалғастырды.

- Ал, сендер бірің Петропавлда, бірің Алматыда, бірің Мәскеуде оқисындар. Райса мен Ниязбек бүгін бізben бірге, ертең олар да окуға түседі. Келіп кетуге облыс орталығы қолайлы, сондықтан Петропавлға жақындейық. Соған бір мүмкіндік туып тұр. Облыс
о қ у б ө л і м і н і н б а с т ы ғ ы

Сакун В.И. Архангелка арнайы мектеп-интернатын басқар деп қыстап отыр. Бұл интернат қаладан төтесінен есептегендеге 12 км, ал жолмен айналып жүргенде 30 шақырымдай қашықтықта тұрады. Интернат ауыр, балалардың тегі де, денсаулығы да, даму дәрежесі де айтарлықтай емес. Сакун В.И. бұны ашық айтты. Соған іскер директор іздестіріп, ақыры мені таңдалты.

Осы әңгімені жанұя мүшелері бір ауыздан қолдады деп айта алмаймын, бар сырымыз ішімізде болды, ақыры көшпеуге амал қалмады. Көштік. Тағы бір он жылды Кривоцеково мектебінде, Заря селосында артта қалдырып, Архангелка селосына жеттік. Бұл село Бескөл (бұгінгі Қызылжар) ауданына қарасты елді мекен екен. Бұл мектеп-интернат директорлықтың, жалпы педагогикалық жұмыстың соны болатын Қайреш үшін. Қайреш келе тағы іске кірісті. Сабак кестесіне дейін өзі жасады. Тазалық, тамақ, киім, демалыс мәселелерін қарап өз түзетулерін енгізді. Балалардың психологиялық даму сатысындағы ерекшеліктерін ескере келе білім, тәрбие беру мазмұнына бағдарламасына көп жаңалықтар енгізді. Мәселен еңбекке баулу: оқу шеберханалары, қосалқы шаруашылықпен айналысу (егін, овош, мал өсіру), құрылыш жұмысын жүргізу сияқты мәселелер жолға қойылды. Бұл іске барлық мұғалім-тәрбиешілер, жоғарғы класс оқушылары тегіс жұмылдырылды.

Сөйтіп, Қайреш арқалаған жүк артта қалған жоқ. Ол жүк женіл де болған жоқ. Барлық ісі абыроймен атқарылды. Балалары, жолдастары, үкімет алдында еңбегі адаптация, абыройы таза болды. Осындай азаматпен бас қосқанымды, оның сүйікті жары болғанымды әрдайым мақтан етем, әкең сондай еді деп балаларыма үлгі етем.

Адам армансыз болмайды, Қайреш ертерек кетті өмірден, ауыр науқаста болып, көп бейнет көрді. Райсамыздың мезгілсіз өмірден өткені де себеп болған шығар, қабыргамызды бәріміздің де қайыстырып, жүргегімізді өртеп кетті. Одан бірнеше жыл бұрын алғашқы баламыз Журбек дүние салды. Үшеуінің де жатқан жері жайлыш, топырағы торқа, иманды болсын деп тілеймін!

Тәуба! Ат тұяғын тай басар дегендег Қайреш тұяқсыз емес. Артында атын шығаратын балалары мен немерелері қалды. Енді соларға ғұмыр берсін деп тілеймін.

Сөз соңында айтарым, Қайрештің өміріне ізгі жол салған көмек берген оқу ардагерлері өмірден өткен: Сакун Виталий Иванович, Тимошенко Иван Иванович, Құрмаш Баязиев т.б. ұмыттай еске аламын. Одан соң бүгінгі аман-сау жүріп жатқан ардақты азаматтар Жақсылық Үсқақовқа, Анна Сенъкинаға, Нина Пожарницкаяға, өзінің көңілдес іні-достары Қайролла Мұқановқа, Галым Қадірәліұлына, Анатолий Башмаковқа, т.б. бізге деген адаптация, Үшін ізгі н и е т п е н

ыризашылығымды білдіріп, үлкен алғысымды айтамын!

Біздің балалар ер жетті, бәрі де жоғары білім алды, жеке-жеке отау құрды. Өкінішке орай бес баламның екеуі о дүниелік болды.

Бірақ Журбек баламыз-педагог, ертерек өмірден өтіп кетсе де артында екі баласы қалды. Жұбайы Зайра мектепте кітапханашы, балалары: Ділара экономист Алматыда қызмет істейді. Бауыржан педагог, мектепте сабак береді.

Манарабек юрист, Қазақ мемлекеттік университетін бітірді. Облыстық прокуратурада істеген. Жұбайы Бейнегұл мұғалім, балалары: Индира мен Эльвира мектепте оқиды.

Роза Мәскеудің М.В.Ломоносов атындағы университетінің, физика факультетін бітірген. Солтүстік Қазақстан университетінде педагог. Жолдасы Сматжан, балалары: Динара экономист, Диана Еуразия университетінде оқиды, Мариям 4 жаста.

Ниязбек - Қарағанды политехникалық институтін бітіріп, Шекара бекетінде істейді. Жұбайы Гүлім дүкенші, баласы Әлішер Қайрешев (атасының атында), әлі 5 жаста.

Қайреш өмірден ертерек етті. Бірнеше жыл ауыр науқастанып, төсек тартып жатты. Еңбек демалысына зейнеткерлікке шықаннан кейін Бескөл селосында өз қолымен салдырған қонысына көшкен едік. Өмірдің қызығын енді көремін дегенде өзінің тұңғышы Жүргегі қайтты, одан соң

ақылды, келешекте зор үміт күттірген сүйікті қызы Раиса қайтты, ал өзі болса жазылmas дертке шалдықты. Мен оны өмірінің ақырғы күніне дейін шамам келгенше күттім, ренжітпеуге тырыстым. Сүйікті жарым Қайреш те маган дән риза болып кетті.

Ендігі арманым, Қайрештің артында қалған балаларының, немерелерінің қызығын көру, сол үшін олардың амандығын тілеймін.

Қоспанова Қаншайым Бірімжанқызы.

II БӨЛІМ

ҚАЙРЕШ ҚОСПАНОВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ

ТУҒАН ЖЕР

Теңеу тауып, жазып көр,
Жазушы, ақын өлкемнің,
Тыңға қосқан үлесін
Қараталдай елімнің.

Тұрған жері елімнің
Тың теңізі жағасы.

Мен мадақтап жатқанша
Өзің бер, көріп бағасын.

Аютас пен Ақтөбе,
Қаратудай біз үшін.
Есіл бойын қорғауға
Батыр атам Құлеке
Салған дейді бар күшін.

Қара оба мен Толықсай
Тың теңізімен ұласқан.
Қыстауағаш, Саздыағаш,
Бір-біріне жарасқан.

Кішкенеміз, Итөлген
Суына талай түскенбіз
Балашақтың өзінде-ақ,
Көліндей Балқаш көргенбіз.

Қарамая, Бақтар алқабы,
Теңізіне астық айналды.
Қырманшы жастар күшімен
Дән толқыны шайқалды.

Өзіңмен қанатталдым
Өзіңнен қуат алдым.
Менің сен Алатауым
Елім менің Қараталым.

Мәнгі есімде туған жер

Қартайсам да сақталад.
Бізге артқан сенімің
Әр уақытта ақталад.

ЕЛГЕ ПАНА БОЛМАЙДЫ

Жетті ғой күн арылар
Келмесектер мазақтар.
Өзін өзі басқарар,
Азамат жоқ па қазақта?

Арқа тұтып көптігін,
Ақ орыс пен сары орыс.
Қазақтан емес, орыстан
Сайланды тағы бір болыс.

Қазақ қамын тек қана,
Ұлттың ұлы ойлайды.
Шөрегейдей бұл адам
Елге пана болмайды.

ЖАСТАРҒА

Төресі сол әйелдің
Тілін тапса ерінің
Қасиеті еркектің
Сөзіне ермесе әйелдің.

Шаман қелсе, келінім,
Сыйлауға тырыс ерінді.

Шайпау женгей ағайдың
Тамық қып жүр өмірін.

Қонақ келсе үйіне,
Аяма, шырак, төрінді.
Сыйлағаның бұл сенің,
Сыртқа шықса ерінді.

Сарабдал, жалтақ, шегіншек
Көрініп жүр кейбір інішек.
Бұл кемшіліктен түзейді
Көргенді келген келіншек.

Қабағынан жеңгейдің
Шығалмай жүрген ағайды.

Бұл ағайды, туғандар
Несіне қинап сынаиды.

БІР ҚЫЗҒА

Шалбарланған бетінді,
Бояуменен майлапсың.
Қарлығаш қанат қасынды
Қан шықанша қиыпсың.
Қарақат көздің жаңжағын,
Неменемен көгерттің?
Қос бұрымды шашынды
Құнан-тайдай күзепсің
Арпаң-тұрпаң мінезді

Қай әдіспен түзейсің?

* * *

Кешірімсіз іс істеп,
Кешірші деп сұрама.
Жараланса жүрегің
Кешіруге оны болама?

Әке-шеше балаға,
Кең пейілді дана да.
Ниеті қара болса егер,
Санама оны балаңа.

Жүрсөң де шалғай қияда,
Хабарлас бол анаңа.

Сен деп соққан жүрегі
Бір сәт тыным ала ма?

Ата менен анаға,
Борышы мол баланың.
Қайтарғаның сақтасаң,
Жүрегін нәзік ананың!

* * *

Үйрен, оқы, білім ал.
Үлкейуге асықпа!
Ерте үйленсең, шырағым,
Қаларсың, мүмкін, жасып та.

Семья құрғың келсе егер,
Ойлан оның толуын.
Адамгершілік міндетің
Жақсы семья болуың.

Ерлі-зайып болғанша,
Уақытың мол, ойлан да.
Асығыстық іс істеп,
Өмірде қалма, арманда.

БУРАБАЙ

Ардақты Көкше еркесі Бурабайым,
Көруге сені кімдер қаламайды?
Өзіңе шипа тілеп, келіп қалдық,
Аяма енді бізден иіс майды.
Ақындар бір өзінді дастан еткен,
Жыр етіп, көп уақиға бастан өткен.
Келешек үрпақтарға ескерткішке,
«Бурабай» Сәкен әні жазып кеткен.

«Оқжетпес» Бурабайдың көркі емес пе?
«Жұмбактас» сұлулардың сыры емес пе?
Қарағай, қайындары билеп тұрса,
Қыз-жігіт қалай шыдар бұл елеске!?

Іздесен, жер жетпейді Бурабайға,
Теңесе артық емес толған айға.
Аралап тау ішінде жүре берсек,
Жүрегің тыйышталад, болып жайда.

Байқасаң көпшіліктер еңбек жайда,
Көтерген жарыс туын Ұлы тойға.
Елімнің 60 жылдық құрметіне,
Бұл әнді мен арнадым Бурабайға!

Сәлемім сізге арнаған, Жарман аға,
Бурабай курортынан жазған хатым.
Қосылса бұл өлең де ән қорына,
Жазушы, еске алсаңыз, Қайреш атым.

ДОСТЫҚ ДЕГЕН ҚАСИЕТ

Достық деген қасиет
Өз бетімен келмейді.
Достықтың мәнгі айғағы
60 жылдық Ұлы тойдағы.

Жылдардан ғасыр ұласып,
Ұлы орыс халқымен
Қазақ халқы ертеден
Көршілес болған достасып.

ТУЫСТАРҒА НАЗ

Жұрағат, туыс бәрінді,
Үлкен-кіші кәрінді.
Аландалап, іздел жатамын,
Білер деп, келіп халімді.

Төсек тартып, жатқан соң,
Бірің еске, бірің түске кіресің.
Көнілімді бірің келіп білмейтін
Мен нәресте жаңа туған емеспін.

Үлкендер өткендерді көрмеді ме?
Жалған дүние оларға ермеді де.
Машинам шаң, мәстегім терлейді деп,
Кей туыс, туыстықты, білмейді де.

АНА ТІЛІМ

Ана тілім - өз тілім мақтанамын,
Естісем, ана тілін шаттанамын.
Алыс сапар, жол шегіп барғанымда,
Анама өз тілімде хат жазамын.

Ұлттым қазак, Сарыарқа туған жерім,
Ана тілім танытқан өлкелерім.
Ана тілім әперген маған білім.
Ана тілім менгерктен орыс тілін.

Сен арқылы білемін достың тілін,
Өзбек, тәжік, түркі, балқар тілін.
Сен арқылы үйренем, қажет болса,

Иероглиф түгілі, құстың тілін.

Бәбегім, жақсы менгер қазақ тілін,
Сонда ғана аласың жақсы білім.
Айтуға, қазақпын деп, ұятырақ,
Білмесен өз тілінді ана тілін.

КІТАБЫМ

Студенттік серігім, жолдастарым,
Конспект, оқулық кітаптарым.
Күні бүгін көзіме елестейді,
Сәбиімді көтеріп, сендерді арқаладым.

Күш-қуатым бар кезде тастамадым,
Сөренің дәл төрінен орын беріп,
Мамық төсек, жастықты керек етпей,
Күндіз-түні басыма жастағамын.

Сен сарғайып, ескіріп жырымдалдың,
Мен қартайып, тіс түсіп, бурылданым.
Жаңа кітап жарқырап, орын бермей,
Төрі түгел, сөреден қылғаның.

Келіп тұрған бұл жағдай біздің басқа
Келмегенің кім біледі достарға да?
Абыржыма, нальма, мен білемін,
Келеді менсінбейтін кәрілік жастарға да!

Қ... деген атыңа
 Әйел атты затыңа
 Құрбан етіп жаңанды
 Барлығын да қияр ем
 Бақыттым үшін өмірде
 Әр жемісін бір-бірлеп
 Үр жаңадан жияр ем.
 Ақылыңа дариядай
 Нәр татпастан тояр ем.
 От, су, аяз, мұздарда
 Дәл белшемнен тұрап ем.
 Өлең жазсам, ақын бол,
 Бұрымынды арқаңғып,
 Қ... сенің атың мен
 Поэмамды бояр ем
 Ұлдың атын Қайрат деп
 Қызғалдақтай қыздарға
 Өз атынды қояр ем.
 Жүргегіме жыр салдың
 Қосарлықтай мәңгілік
 Айтып жүрем бейненді
 Өткенімше ән қылып,
 Қосты бізді табиғат
 Бұл өмірге сән қылып.
 Ата-бабаң жетпеген
 Бұл өмірдің түбіне
 Қ... сізде жетпейсіз
 Қалған өмір ішінде

Күліп, ойнап жүрелік.
Қарақат, жұлдыз жанарың
Алма гүлді ажарың
Өтіп бара жатқанын
Енді тегі сезгейсіз
Бір тайпаның сұлуы
Болған кезді есіңе ал
Мүмкіншілігің барында
Ойнап-күлсөң несі бар.
Жаратқан ғой табиғат
Бір өзінді сән қылыш
Қаша жігіт келді екен
Бар көшені шаң қылыш
Қ... деген атыңа
Тау-тас тұрды жаңғырып
Қай жұмақтан шықтыңыз
Бар әлемді таң ғылыш.
Жүргімнің сіз үшін
Соғатынын сеземін
Сенің ғана бейнеңмен
Сарыарқаны кешемін
Құшағынды аш аймала
Ақ төсінде төсегім.
Өзі, тұзақ бәріне
Сонда ғана төземін.

АҚ АРАҚ ШКЕН КЕМПІРЛЕР

Шалдарын жүтқан кемпірлер,
Құрмалдыққа жиылды.

Үй иесі бәйек боп,
Қызыл шарап құйылды.
Ішпейміз дег қызылды,
Кемпірлерің сзылды.

Ресейдің ағы кеп,
Рюмкаларға құйылды.

Жарылайық ағынан,
Кел, кемпірлер, қалайық,
Ақ шіркінді алайық, -
Тартып-тартып жіберді.

Қызара, бөртіп кемпірлер
Тағы бірді жіберді
Үшіншіні алған соң
Көтерді намыс, жігерді

Өлеңдettі, шулады
Біреулері жылады
Екіншісі тұралмай
Ішкен жерде сұлады.

Тағы, тағылар
Өзен су боп арақтар
Қашан енді ағылар
Қош ойласа Құдайым
Шам-шырағың жағылар

Іздегенің ақ арақ
Кешікпей-ақ табылар
Аққан судың сұрауы
Бір кездерде сұралар
Ойлап қойғын жауабын.

ҮЛКЕНІ БІР ТҰҚЫМНЫҢ БОЛЫП ҚАЛДЫМ

Улкені бір тұқымның болып қалдым,
Қызметпен туған елден кетіп қалдым.
Әке-шешем өмірден ерте өтсе де,
Ағама әке тұтқан жиі бардым.

Туыстар бар, шүкіршілік немерелер,
Әрі қарай бұл ұрпақтар өсе берер
Жалғасып өсе берсін шөберелер,
Есінде ұста, келешек неменелер.

Заманның өтіп жатқан ағыны ма?
Болмаса шөберелер тағлымы ма?
Туыстықтың үзілгендей нәзік жібі,
Айналғандай өткеннің сағымына.

Тетелес інімсің, сен Қарамырза
Ұйтқысы бұл ұрпақтың боласың да.
Өткенін үш әкенің көзің көрді,
Жалғасы сол әкелер боласың да.

Үлкені немерелер, Тобыл, сенсің,
Шапағатын аталардың саған берсін.
Бірлігін ұрпақтардың сақтағайсың,
Ел болып, қанаттарын жайсын десек.

Басы ауырып, балтыры сыздығандар,

Сарытай, саған риза ауылдастар.
Сенен үлгі-тәрбие ала берсін,
Келешек келе жатқан кілең жастар.

Мінайдар, бір Алладан көп тіледік,
Еркелетіп атыңды Майкеш дедік.
Бауырмалдығыңды әр дайым есіне алып,
Ұрпақтар бола берсін саған серік.

Кішіпейіл, ақ көніл Қайратсын,
Үлкен-кіші сендей болуды ойлаған.
Қарашаңырақ иесі бола бер,
Ынтымағыңнан сенің шықпасын.

Немерелердің ең кішісі, Аманжол,
Әр уақытта сау-саламат аман бол.
Үлкендерге иек сүйеп кеттің бе?
Біздің жаққа тұспей жүр-ау саған жол.

Көпейі едің Кәмнің кенжесі, кенже бол!
Құрметтейтін саған да келер ата жол.
Шаңырағымда құдай жазып, немереден
ұл болса,
Түкір аузына, түкір дәл өзіндей болсын
Аманжол.

Туып, ескен жері басқа болса да
Манарбек пен Ниязбектің құлағына құямын
Ғасыр бойы мекен еткен атаның
Қаратал деп кіндік кескен Отаным.

Ақыл, ойым бір шумақтың жолына
Қанша қыссам да сияма?
Жазушы болсам, не ақын.
Жазар едім әр қайсыңа поэма.

Айтып едім елге оралу жайында
Азаматтың өзім деген біріне.
Айтып, айтпай не керек,
Кіріспеді ұжданымен сезіне.

Куат берсін жаббар Алла-құдайым
Жер алыстығы емес, сірә, уайым.
Бір Алладан жатсам, тұрсаң тілеймін
Алыстамасын туған-туыс, ағайын!

ТАНЫС БОЛ БҮЛ ҚОНАҒЫҢ ҚАЙРЕДДЕН

Таныс бол бүл қонағың Қайредден,
Балалық өміріміз бірге өткен.
Ол кезді еске алу өте қиын.
Азабы аз болмады қияметтен.

Замана болған еді астан-кестен,
Ұмытпайды сүм заманды көзі көрген.
Орыстың Голощекині елді билеп,
Аштықтан ел-жұрттың азып кеткен.

Ең алдымен қазақтың малын құртты,

Осылай сенделтті ғой қалың жүртты.

Қазақты бір-біріне айдап салып
Миллиондаған қазақтың көзін құртты.

Көз көрді от басында сенделгенді
Босыған жол бойында өлгендерді.

Арқалап әке-шеше балаларын
Қаңғырып Қорған менен Түмен келді.

Қайыршылап орыстың қалаларын
Аштықтан алып қалды балаларын.
2-3 жыл Көк Аралда болғаннан соң
Жерсінбей қайта елге оралғанын.

ТОЛҒАУ

Шырмауынан қысқа жіптің шыға алмай,
Тереңіне ғылымның да бара алмай.
Бір шама, талпынумен білім алып,
Ел ішінде ұстаздық құрып қалдым.

Айтуға болмайды ғой күпіршілік,
Жаман ұстаз болмадым, шүкіршілік.
Жартысындай бір ғасырдың ұстаз болып,
Шегіне жақын қалдым бұл тіршілік.

Ұстаздың-ұстаздығы шәкірті озса,
Елінің елдігіне үлес қосса.
Баршылық шәкірттерім лауазымды,

Еңбегім кетпегендей, текке босқа.

Аштыққа, жалаңаштыққа төзіп өсіп,
Балалықты көрмедік, қаңғып кеттік.

Қақалғанға жұдырық тағы болып,
Зардабын өткен соғыс бастан кештік.

Дақпыртпен Ресейді пана тұтып
Төңкеріске 1917 жыл кіріп кеттік.
Етегінен орыстардың ұстауменен,
Қайта құру тұманына тағы келдік.

Шын тарихты келешекте білерсіздер,
Заманды біздің өткен шаларсындар.

Пәтуасын бұл өмірдің біле алмай
Өмірден өтіп жатыр біздей жандар.

ИМАНДЫЛЫҚ

Имандылық жақсы лебіз біле-білсең,
Жаратушы бір Аллаға сене білсең.
Имандылықтан айрылу қыын да емес,
Зұлымдық, пасықтықпен жүре берсең.

Басы жұмыр пәндеміз ғой қателесер,
Бұл жағдайды бір Алла өзі шешер.
Зұлымдық, кешірілмес іс істесе,
Алла түгіл, адам өзі қалай кешер!!

Имандылықтың нышаны сыйласуда,
Адамның бірін-бірі қимасында.

Бұл қасиет бойында жоқ пенделер,
Келешекте не боларын ойласын да.

Тіршілікте ғибадат қыл имандылық,
О дүниеге бармайды жиған мұлік.
Қатын-балан, дос-жаран бәрі қалып,
Қабырыңа тек баар қылған қылық.

ЕМДЕЛУ

Мекстура, уколмен,
Сан уақыттар емдеді.
Бұл әдісіне дәрігердің
Біздің ауру көнбеді.

Иглотерапия жаңа әдіс,
Пайдалана бізге бастады.
Бір-бірімізге қүш беріп
Құр уайымды таstadtык.

Дененің де молдығы,
Бір есептен жақсы ғой.
Үш жүзден артық уколға,
Шыдап бір шіркін бақты ғой!

ӨМІР ЖАЙЛЫ

Ұстаз болу ұлылық,
Дәріс айту даналық.
Үлкен сыйлау саналық,
Мейрімділік аналық.

Сыпайылық нәзіктік
Кішіпейілдік мәдениеттілік.
Қамқоршылық ізгілік,
Бұл қасиет болмаса,
Неге керек тіршілік.

Басыңа жақсылық келмесе,
Бойыңды жамандық мендесе,
Адаммын деп ойлама,
Екі аяқпен жүрсөң де.

Еске алмасаң өткенді,
Бұл дүниеден кеткенді.
Өзіңе де сол болар
Ажал қуып жеткенде.

ОЙЛАР

Кыскарып бара жатыр басқан қадам,
Байқаймын, ауруымның түрі жаман.
Жүргегім қатты қысып, шайшқанда,
Жүре алмай, бас айналып, тұрып қалам.

Ағам мен тәтем, Шөкен де,
Жүрек ауруынан өткенді.
Неге бұлай жазды деп
Білетіндер мені сірә сөкпейді.

Жаман ойлар ауруына дерт дейді,
Сергек көңіл емделуге сеп дейді.
Айтқандарын дәрігердің мақұлдан,

Көңіл сұрай келгендер де жөптейді.

Мен сенемін, бұл дүниенің кеңіне,
Мен сенемін, дәрігердің еміне.

Әлі талай қызмет етермін,
Туып өсіп, кіндік кескен жеріме.

ЖҮРЕГІМ

Қызылғанда, сен жүрек,
Тер шығады мандайдан.
Енді сенен бар тілек
Сақташы ауыр жағдайдан.

Кешір, жүрек, қадірінді білмеппін,
Жас кезімде сені сақтай жүрмеппін.
Артық жұмыс, шылым-шарап, ренжу
Осылармен тым ертерек күйреттім.

Шайшып, сұғып жанымды менің қинайсың,
Кең кеудемнен орын таппай тулайсың.
Жаман айтпай, жақсы жоқ,
Сен секілді, менде өзінді қимаймын!

Жігіт болып, жарқын өмір сүргенім.
Сенің арқан, ұмытпаймын, жүрегім.
Орындастын әлде де тұр армандар
Соға тұршы, соға тұршы соңғы сенен
тілегім.

АУРУХАНАДА

Жолдас болып больнисте,
Еламан мен Қасымов.
Хал, жағдайды сұраймыз
Кездескенде асығып.

Стенокардия, гипертония
Аурумыздың аттары.
Бұра санды жанбастар
Уколға шыдап баққаны.

Сестралар жасақтап,
Укол салар батпанды.
Кіреме олардың есіне
Біздерге оның батқаны.
Жұз уколға, бір укол
Сестраның бірінен.
Қайтар десе қармысын
Ызаланған Елекен
Салар еді-ау бар күшін.

* * *

Өмірден өтсем дәл бүгін,
Арманда нағыз кеткенім.
Аялап жүрген бес құлын
Өзім барда жетпедін.

Ерте ауруы жүректің

Сендерден де болды ғой.
Ақылға бала көнбесе
Әке-шеше сорлы ғой.

КЕМПІР-ШАЛ БОЛҒАНДА

Болғаннан соң, кемпір-шал,
Сен білмейтін сырлы бар.
Дер кезінде ойланып,
Жатпай, тұрмай біліп ал.

Шаш ағарып, тіс түсіп,
Әжім түсер бетіңе.
Қаныңды сорып алғандай,
Солып қалар етің де.

Бұрынғыдай күш-куат,
Әупілдеме болмайды.
Буындарың сырқырап,
Көбейтесің ойбайды.

Жанарыңнан жас ағып,
Күркірейді кеуде де.
Әудем жерге жете алмай
Сыйынасың дәрменге.

Мұшқілдікке келсең де,
Өлімнің барып білсең де.
Мың күн жұмақ берсе де,
Теңемейсің бір күнге.

Кемпір менен шал болдың,
Дұрысын ізде тар жолдың.

Араласып әр іске,
Мазасын алма баланың.

БАЛАЛАРЫМ

Шимай-шатақ ойлар келді басыма,
Жағалай отырғандай балаларым қасымда.

Қолыма қалам алып жаза қойдым
Аттарын атағым кеп өздерімен қосыла.

Ақ көңіл, кішіпейіл Жүрбек едің

Аз болмады ерлі-зайып керістерің.

Күйігі от басыңың дертке шалып,
Өмірден қыршын жаста өтіп кеттің

Манаарбек, ержеткен соң тандаған

мамандығынц

Алаңсыз қызметте үйлі-жанды болып

калдың

Ақылға дер кезінде құлақ аспай
Өзің түгіл сергелденге бізді салдың.

Өткізген қателікті жену керек
Ол ушін шын мәнінде күрес керек.

Босаңсу, әлсіздену емес серік
Қайраттылық, күш-жігер бәрін женед.

Райса арта берсін қабілетің
Сен көрдің үй-ішінің көп бейнетін.

Тіл-көзден алас болсын алған бетің
Сені ойласам жазылады менің дертім.

Ниязбек, алысқа ұзап барадың
Кабілетіңе сай мамандық-та ала алмадың.
Қолында әке-шеше боламын деп
Өзінді ойламай, біз үшін аландадың.

Әзірше бәріңе де қынырақ
Жастықта болған жақсы шыдамдырақ.
Келерсіңдер жан-жақтан улап-шулап,
Ниязбекке иесі, әке көзі Қарашаңырақ.
Рауза кішкентайдан дараландың,
МГУ де, Москва да білім алдың.
Жылаған көз-жасымызды Құдай ііп,
Иә, тәубә, ұзақ болсын, қауіпті
корқыныштан аман қалдың.
Мазмұны шалағайлау жазғанымның,
Бұл, сірә, азайғаны қайратымның.
Сендерге жәрдем берсін Қақтағалам
Тілегі үйде отырған кемпір-шалдың.

ҚАНШАЙЫМҒА

40 жыл отасқалы болып қалды
Шукіршілік, болдық қой малды-жанды.
Өмірдің жақсылығын көрдік талай
Жалғассын сол жақсылық әрі қарай,
Сен түскелі ағайын
Көрген жоқ ешбір уайым

Мақтануыңа болады
Келіндер басы Қашайым,
Асылық бізде болмасын,
40 жылдық жолдасым
Тілек тілеп отырмын
Аман болсын бала-шаға, от басың.
Ерінбейсің, шапшаңсың
Екі Анадан дарыған
Өсек айту, пасықтық
Аналарда біздің болмаған.

Бір ғажап адам еді аналарың
Жеткізді жастай қалған балаларын
Айтпасам екі Аナンың аналығын.
Өтелмей қалып қояр қарыздығым
Аналардан қалған қасиет
Адамдық қалған қасиет
Арамдық жоқ, ақ ниет
Сенен де жақсы сезінет
Алып кетпе, кейінгіге беріп кет.
Әйелдіктен мол болды еркектігің
Далада маған тиді көп септігің.
Алаңдал үй-ішіне көргенім жоқ
Ашпадым бір-бір дүкен есіктерін
Жүрегің сондай таза, қолың ашық
Кей кезде жіберушен төгіп-шәшіп,
Жауған қардай боратып жібергенде
Отырушым сап-сап деп әрең-басып.

Жасында араладың біраз қала
Откен күнге енді сен аландама
Қолына қарап қалсаң келін-бала

Жүргейсің бұл ескертпені есіңе ала.

АУЫРАТЫНЫН БҰЛ ДЕНЕМ ЕРТЕ СЕЗДІ

Ауыратынын бұл денем ерте сезді
Сондықтан да айтпаймын ауыр сөзді.
Бұрын жүрген жерлерге бармаған соң,
Үйде отырып, телміртемін екі көзді.
Еске аламын бір уақыт өткен кезді
Унатпаушы ем сылдыраған жалаң сөзді.
Жұмысқа деп жарапған бір мінезді
Істес болған жолдастар тегіс сезді.

ЕЛ ТУРАЛЫ

Құлағың сал, бөбекім,
Ата-бабаң өскен жер.
Мықтап ұста есіңе
Келешекте саған керегі.

Караталдай ел болған,
Ынтымақтасып бас қосып.
Төрт атандың ұрпағы
Көшे түзеп үй салды.

Бір шетінен бастайық
Кімдер қайда тұрғанды.

Бабекенің ұрпағы
Бірінші көше атанды.

Осы көше басында,
Әлібай атаң түрғанды.
Еңбек сүйгіш адам ед,
Бірінші шопан атанды.

Алпысбай мен Байболдар,
Соғыстың талай зардабын
Көріп келген Шөкенді,
Көп жылдар ауру матады.

Жүргегіндей Шөкеннің
Көре алмадым еш жанды,
Ойлап кетсем мен бүгін
Маған да қатты батады.
Соғысқа кеткен Салықты,
Іздеуменен тарықты.
Аты менен мінезі,
Бұлжымастан Тобылда
Мәңгілікке қалыпты.

Үлкен, кіші Кәм дейміз,
Қара шалды ағанды.
Қамқорлығы ісімен,
Елге Бікан атанды.

Абдрахмандай шалыңның,
Тілегі болды қабылды.
Қарамырзадай баласы,

Ел, жұртына жағымды.

Базарбаев Бекенді,
Әңгіме енді етем де.
Бірнеше үйдің шаңырағын,
Жалғыз өзі көтерді.

Қажнаәсіптең ұлы атам,
Берген оған батасын.
“Қалия апатай” деуші едік,
Туған оның анасын.

Базарбаев болғанмен,
Қарібек еді әкесі.
Мәпелеп бүгін күтуде,
Бәтима мамаң әжесін.
Ақсақал атаң Есқақты,
Еміс-еміс білемін.
Назым атты апай ғой,
Жалғастырған ұрпақты.

Зікірия, Қамза, Фаббастан,
Жамантай қалды жаман ба?
Қабарсыз кетті соғыстан,
Қабылқайыр, Мағай да.

Шалға айналды Көкен де,
Қара шаңырақ иесі.
Ілияс атты тәтемді,
Қайрат сен де ұмытпа

Елге сүйікті өткен-ді.

Әбілдері Бостаудың
Құда бопты әкеммен.
Күлән, Құлзипа қыздары,
Соларға бопты келіні.

Олардың да ұрпағы,
Бір-бір үй боп жетілген.

Аяламай бұл үйге,
Қатшы апамды еске алам.
Ахметбек кетті әскерге,
Болды ғой ел-жүрт көп алан.
Соғыстың ауыр жылдары,
Қалжыратты ол жүртты.

Кәкен, Мәркен ер жетіл,
Ел азаматы атанды.
Сыйлап өтті бәрі де,
Зейни атты апаңды.

Еске аламын енді мен,
Рұstemді ағамды.
Үлкен, кіші кәрігे,
Азамат еді аяулы.

Молдағамның - Әнестің,
Теміртасы ер жетті.
Өзі инженер болған соң,
Елдің жолын түзепті.

Зейнол елге ұнапты,
Қантай ағаң өткен соң.
Пірәдәрлік, сұпылық
Турагап соған жол сапты.

Латанұлы Уәптің
Ел мінезін ұнатты.
Қараталға ашқызыған,
Сегіз жылдық мектепті.
Ел сыйлаған ағамыз,
Көп жігіттен асты ғой
Асты сіздің бағаңыз.

Тоқалы жас болған соң,
Қайыржан қалай қартайсын.
Пенсия жасына келсе де
Ойында жоқ жұмыс тастайтын.
Нұртазин Шәкім әр елде,
Ұстаздықпен жүр әзірге.
Қартайған соң оралар,
Тұып өскен жеріне.

Ақылшы, қамқоршы істерімен,
Қазиды Қапар ағаң өзі дейді.
Бір беткей мінезіне қарағанда,
Қапсаләм Сауытспектің көзі дейді.

Серікбайды осы ел жиен дейді.
Жиендікті жасауды ол білген дейді.
Қатраны басқа жерге қоныс салып,
Кемпір-шал осы үйде күйбендейді.

Бір кезде Шәріп бопты ел жігіті
Қоныс салып жағдайын сәл түзепті.
Шәріптен туған еді жалғыз Ауған
Оны да бағалайды, ел құрметті.

Байқаймын елге барғанда
Бәбекеңнен қалған мұралар
Домбыра, ән, дойбы да
Ыбрай шалда қалған ба?

(өлең аяқталмаған).
КҮЛЗИПА АПАЙДЫҢ
60 ЖАСҚА КЕЛУІНЕ.

Өлең жолы түстіде жол үстінде
Өмірдің көп елесі әлі есімде.
Жедел өскен апамның міне бүгін
Алпысқа келгеніне сенесің бе?

Бұл алпысың көп емес, әлі жаса
Береді ел жұртыңыз сізге бата.
Өмірде ақылың мен іс істедің
Сондықтан болған жоқ қой сізде қата.

Аналық ұлы атаққа кір келтірмей

Атандың ел ішінде батыр ана
Ұлдарың ұясында, қыздарың қиясында,
Келіндер де ибалы дәл өзіндей.

Өсіруден баланың тәрбиесі қынырақ
Бұл жайды кей аналар білмейді бірақ.
Онегелі байсалды әйел ғана
Шын мәнінде құрметті ана болад.

Жұбайы мен жақсы өмір сурген жайға,
Көңілі жай, аман-сау бала-шаға.
Алпыстың асуларын алшаң басып,
Күлзипа міне отыр өз тойында.

Мен бермеймін апама мінездеме
Жаман болса еліне атанды Күзің неге?
Дастарханы, төрі сай мінезіне
Бір қонағы жөнелсе, дайын ғой
келесі кісісіне.

Жиендер нағашыдан бата алсын
Рақымжандай ұлдары әке атансын
Келіндерің, қыздарың дәл өзіндей
Ел ішінде құрметті ана атансын.

10 июнь 1985 жыл.

НИЯЗБЕК ПЕН ГҮЛІМГЕ

Анаң менен әкеңнің. Ниязбек,

қуатысын, арысын.
Кеудеміздің соғып тұрған
сыртындағы жанысын.
Қосақтарыңмен қоса ағарып, сыйластықпен
өмір сүріндер.
Дамытындар әрі қарай Қараشاңрақ
арнасын.

Атыңнан айналдық біз Гүлім деген,
Қызымыздай болып кетші, келін демен
Еңбекқор, кішіпейіл мінезіңмен
Жылта біл жануяңды лебіңменен!

Наурыз, өзіңсің ғой қазағымның жыл басы,
Быйылғы жыл шаңрағымызда болсыншы
той басы
Екі жасқа тілегеніміз қабыл болып,
Біздерде әр дайым бола берсін той жалғасы.

Ниязбек, Гүлім, мәңгілік Махаббатпен
Қарашаңрақ иесі болындар деп бата берем.
Жалғызақ екеуіңнен бар тілегім
Ренжітпей анаңды сыйла деген.

6 наурыз 1999 ж. Бескөл.

ҚАНШАЙЫМҒА

Тудырған соң баланы
Әке-шеше алаңы

Жатса тұрса ойлайды,
Болса екен деп саналы.
Қайран, ақылым, қабілетім
Ұлдарымның біріне де дарымадың
Алланың бергеніне риза едім
Ұл да болды, қыз да болды
Оқысын білім алсын, деген едім.
Оқытпады біздерді демесін деп
Оқытып қызыншылыққа көніп едім.
Күш кетті, қайрат кетті бойымдағы
Орындалмай қалды ғой ойымдағы.
Болғаннан соң кемпір-шал
Бұл пәленің толып жатқан сыры бар.
Дер кезінде ойланып,
Жатпай, тұрмай біліп ал.
Шаш ағарып, тіс түсіп,
Әжім түсер бетіңе.
Қаныңды сорып алғандай
Солып қалар етің де
Бұрынғыдай күш-куат
Әупілдесең де болмайды
Буындарың сырқырап
Көбейтесің ойбайды.
Жанарыңдан жас ағып.
Күркілдейді кеуден де
Әудем жерге жете алмай
Сыйынасың дәрменге.
Мүшкілдікке келсең де
Өлімнің барын білсең де
Мың күн жұмақ берсе де

Тенемейсің бір күнге.
Кемпір менен шал болдың
Тұзуін ізде бар жолдың
Аралассаң көп іске
Балаңа тұған сор болдың.
Келінің тұған балаң ба?
Осыған көбірек аланды
Тұғандай болсын десеніз
Көңілін тап жайранда.
Адал сүт емген келінің
Кемпір, сенің серігің.
Ошақ қасы, от басы
Арта түссе сенімің.
Шал болған соң балаңа
Билікті бер қарама
Сұраса ақыл берерсің
Тене де ғой панаға
Көп қыдырып балаңның
Мазасын сірә алмағын
Өзі апарса баарсың
Үйінде болсын тұрағың.
Мінезін кемшілігін білсең келіннің
Ұтылмайсың, ұтасың
Ине жіпке тізегін
Кешіре сал қатасын.

ЖҮРЕК

Байқамайды екенбіз
Бақыт деген екеуміз

Аяқ екеу, қолда екеу,
Көз-жанарың ол да екеу.
Екеу қас та, құлақ та,
Жүрек жалғыз бірақ та
Сондықтан да сол жүрек
Елегізіп елжіреп,
Естісем деп лебізін
Іздейді екен егізін!

АЖАЛ

Шын ләzzат бермейді алтын,
Күміс те.
Барлық бақыт
Барлық қызық ұлы істе!
Қарау керек ажалдың да көзіне
Ажал келсе, - кезекті бір жұмыс деп.
Қайткенде де осал болып көрінбей
Жат көрінде, жатқандай боп өз төрінде!
Мен өлгенде, ағайындар, газетке,
Күліп тұрган суретімді беріндер.

КІМГЕ ҚАЛАЙ?

Жемеген шапалақ
Жандарда қал бар ма?
Тіршілік шоқалақ
Сүріншек жандарға.
Жақсы ғой, тоқтай ғап,
Жығылсаң сабанға

Тіршілік көк тайғақ
Бүрі жоқ табанға.
Әйтседе бел асқан
Кінә жоқ қадамға
Тіршілік көк аспан
Қанатты адамға.

САҚАЛ

Үлкендік қып ұрма менің төбемнен,
Үлкендерден ұлесімді жегем мен.
Атам қазақ,
Менде сақал сыйлаймын.
Сақалдың да сақалы бар дегенмен
Сыйламастай не болды деп атаңды
Сөгө көрме,
Сөккен адам шаталды
Мен сыйлаймын сыйлағанда
Маркс пен
Толстойдың сақалында сақалды.

ТОҚТА, ОЙЛАН, ҚАЗАҒЫМ.

Тоқта, ойлан, қазағым,
Аз көрдің бе тәуелсіздік азабын?
Мәңгүрт құралы-арағың
Аздырды ғой талай қазақ жанарын.

Уына арақ шалынған
Қаншама тұндік жабылған

Шипасын таппай ауырған,
Қанша азамат қаңғыған.

Таубаға кел, азаматым қазағым,
Көрмегейсің екі дүние тозағын.
Сылқылдатсын, мейлі ішсін өзіне бер
Бұл орыстың арағын да шарабын.

ЖАСТАРҒА АЙТАРЫМ

Елден келген ұл қызға
Бәрі таңсық қалада.
Театрды көрген жоқ,
Бірер барды киноға.

Тұзде ме, әлде биде ме,
Қызара-бәрткен күйде ме
Жігіт қызды көндірді
Қыз келешегін сөндірді.

Темекіден бастады,
Бірін-бірі қостады.
Сіміріп жүріп арақты,
Окуларын тастады.

Көше кезді, сандалды,
Мекен етті подвалды.
Жігіт кетті жайына,
Қыз бейшара алданды.

Естімегенді көз көріп,
Құса болды ата-ана.
Кеткенінен келмесін,
Сұрқиялыш сүм замана.

Тастандылар-жетімдер,
Обал, қайғы басып жүр.
Ұлт намысын қорғаңдар,
Парасатты ұл-қыздар!

ДӘУЛЕТ

Кейде жақын,
Кейде тіпті жырақта
Жеткізбейді,
Жете алмайды пырақ та,
Дәулет те бір
Цыган да бір
Тумысы
Бір қоныста отырмайды-ау
Тұрақтай.

ДАЛА

Мекен жұртым,
жыр күтіп далам менен
Мен даламнан нәр алып,
аман келем.
Екі нәрсө мәңгілік:
бірі - өзің де,

Бірі мендік махаббат
саған деген.

ЗҰЛЫМДЫҚ

Осы өмірдің өзінің азсынғандай азабын,
Ойлап тапқан зұлымдар неше түрін жазаның:
 Ойлап тапқан аяққа болат кісен салуды,
 Ойлап тапқан арқадан таспа тіліп алуды.
Ойлап тапқан сауырға қызған темір басуды,
Ойлап тапқан арқанмен буындырып асады.
Ойлап тапқан бір-бірлеп қабырғаны сөгуді,
 Ойлап тапқан тірідей қара жерге көмуді.
Бірақ соның бәрі де жасытпаған батырды,
Бірақ соның бәрі де жасытпаған ақылды!
Сосын патша оларды қанатынан қайырып
Жер аудара бастаған туған жерден айырып,
 О, зұлым-ай, зұлым-ай!
 О, ант атқан, ант атқан!
Осал жерін қалай ғана дәл тапқан!

ЕЛ

Туған жер-ай, күнім де, дінім де сен,
Тағдыр сендей сүйесе, сүрінбес ем.
 Керегі жок басқа атақ,
 Басқа абырой
Жетіп жатыр тек өзің ұлым десен!
Тудым сенде, тудым мен күй елімде

Маған қымбат сондықтан тиегің де
Бар асылым - өмірім - өзіндікі
Өзіндікі өлген соң сүйегім де!

ӘКЕ

Тарт қолынды!
Тарт қолынды!
Тәйт, өлім!
Сен одан да тіріліктің айт емін!
Барлығынды сезбей сезбей,
О, әке,
Жоқтығынды бірақ сездім
Қайтемін!

БАЛА, АНА

Асыл ана, сен асырап,
Адам болды үміткерің.
Өзіндей-ақ болар, сірә,
Жігіттің де жігіттері!
Тұщыны ғана татқызып,
Тәуір-ақ дәурен сүргіздің.
Басымнан сипап жатқызып,
Бетімнен сүйіп тұрғыздың.
Қызылшадан сөне жаздал,
Жылаттым.
Шешектен де өле жаздал,

Жылаттым.
Суга да кете жаздал,
Жылаттым.
Өртке кетіп жана жаздал,
Жылаттым.
Жанымды ерте бере жаздал
Жылаттым.
Өш алуға өмір неткен
Шебер ед!
Жылатып жүр енді мені
Немерен!

ӨМІР

Бұл өмірде дос-жолдасым көп деме,
Бұл өмірде қас-дұшпаным жоқ деме.
Ауыспайтын тілім нан
Ағайыннан шығысқам.
Сен жоқ кездे
Ұлыңнан
Сырт айналды туысқан.
Еңбек сонда ұлым деп,
Тапқан мендей жетімді
Адам қылған Римді
Қаншық қасқыр секілді.

ҚЫЗ

Қайран сұлу Күн келбетті Ай мұсін!

Көзін сұзбей қалады оған қай кісі?

Бір адамның, бір адамның бақыты ол,

Мың адамның, мың адамның қайғысы!

Талай қыста

Талай тұнде ызғарлы

Тастай болып аяқ-қолым

Тоңыппын.

О жалғыздық,

Жігіт сорлы қыздарды

Сүйемін деп сүймейді екен

Соны үқтym.

НЕ ҚЫМБАТ?

Көр соқырға таяғынан қымбат жоқ.

Қаңғыбасқа аяғынан қымбат жоқ.

Қас әншіге дауысынан қымбат жоқ.

Қас батырға намысынан қымбат жоқ.

Қас сұлуға ажарынан қымбат жоқ.

Қарақшыға қанжарынан қымбат жоқ.

Көктем үшін Күн көзінен қымбат жоқ.

Менің үшін бір өзіңнен қымбат жоқ.

БАЛАМА

Жасын сығып, бір ғана емес, мың жұтқан
Жасақтардан жау жүректі кім жыққан?!

Шындаپ кетсе, шығаратын бірдене
Тентегіңің өзі жақсы ынжықтан!

Бар тілегім: қалма алдыымда бала боп.

Үйрет мені, үйрет елді дана боп
Жанарыма симай өт сен ғарыш боп
Құшағыма симай кет сен дала боп.

КУРОРТТАН БІР КӨРІНІС

Қолтықтасып, парласып

Лек-легімен ағылған

Ерлі-зайып сияқты

Көптен көрмей сағынған

Құр жүрістен не пайда

Тұніменен сабылған

Қостаған топ шынында

Көнілдестер табылған.

Бұл көрініс өмірдің

Жалғыз ғана сызығы

Курортта осылай болмаса

Болама, жұртый, қызығы.

* * *

Жетегіне біреудің
Жол-жәнекей ергем жоқ.
Қол қусырып, өтуге

Бұл өмірге келгем жоқ.
Тізгінімді қолымнан
Еш уақытта бергем жоқ.
Жақсылыққа болмаса,
Жамандыққа сенгем жоқ.
Жалбарынып, жалынып
Есігіне біреудің бұл жасымда кіргем жоқ...
Адамгершілік сезіммен,
Жүрген жерде көнілім тоқ.

* * *

Жастықпен бе, білмеппін,
Денсаулықтың қадырын.
Жүрегіме шипа ізден
Жағалап жүріп келемін.
Кәрі Кавказ адырын
Нарзанда жалғыз үмітім
Тілемеймін Пикеттен
Адамшылық ниетпен
Бұдан басқа күтімін.
Жүрегім де сергісін
Ойнап, күліп жүргесін
Ауырымды жолдастар
Білмесін де, сезбесін.

* * *

Кавказдан шыққан нарзанмен
Халықтың бәрі емделед
Балкен, жолдас сабыр ет,
Біздің дағы денсаулық

Кешікпей-ақ жөнделед.

* * *

Кавказдың асуындай аса бер сен
Теректің тау суындай тасый бер сен
Жайдары, жігітшілік мінезіне
Қабыл ал,
Бір ғасыр бұл өмірде жаса десем.

* * *

Ескерткіш үшін қолжазба
Жазғаным ғой Баскенге
Болған күндер Кавказда
Сақталсын деп әр кезде.

Қолға түссе путевке,
Келерміз тағы Пикетке.
Нарзанына шомылып,
Ішерміз суын әлбетте.
Жолдас, демек, іншегім
Болып кеттің аз күнде.
Зор денсаулық тілегім
Қызметінде сан гүлде

ӨСИЕТ

Өмірде шама-шарқымша қызмет істеп, ұл-қызы
өсіріп, кем болмасын білім алсын деп оқыттым.
Ниязбектен басқаларын өз беттерінше үй болып
кетулеріне мүмкіншілігіме қарай әкелік

қамқамқорлығымды, көмегімді жасап бөлек үй қылып шығардым. Мен өз тарапымнан Құдай алдында, адамдар алдында да кінәлі емеспін деп санаймын. Білгенімді, ақылымды бірнеше рет айтқанмын, оны ұққандары да, ұқпағандары да бар. Қартайып сырқаттанып, күш-қуат кеткен шағымда ақыл айтудың қажеті жоқ деп санадым, тек өздері өз беттерінше бір-бірімен туысқандықтан айрылышпай, ақыл-көмектерін аяспай, қысқа өмірде өмір сүрсін. Мениң сендерге қоятын ренішім жоқ.

Ренжіттім-ау деген ойларың болса, бастарыңнан шығарындар. Мен сендерге ренжісем кештім. Алла өздеріңе қуат берсін.

Сөз сонында: аналарыңды Қаншайымды ренжітпендер, күтіндер. Бұл өмірден өтердегі ақырғы әкелік тілегім!

Асыл қызыым Райса Қайрөшқызының
60 жасқа келгенімде жазғаны

АНАШЫМ АСҚАР ТАУЫМ, БӘЙТЕРЕГІМ

Анашым асқар тауым, бәйтерегім,
Алпысқа келмей кетсең қайтер едім.

Анашым, арамызда жасай берші,
Қартайсан қойныма сап көтеремін.

Анашым, шықкан сезім жан-жүректен,
Білемін еңбегінді бал-бөбектен
Балалық махаббатым саған деген,
Тілеймін ұзақ ғұмыр, құдыреттен.

ІІІ БӨЛІМ

КОЛЖАЗБА ДӘПТЕРИНЕН

НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Пәлеге жақын жүрмесен,
Сенен басқа несі бар.
Пәледен қашық жүрсөң
Сені іздер несі бар.

Жатқа шыныңды айтпа,
Жақынға өтірік айтпа.
Алты күн аш қалсаң да,
Ата кәденді ұмытпа.

Кедей болатын жігіт
Құлыңды биесін сатады.
Бұзық болатын жігіт,
Ағайынын жатқа сатады.

Ұлың жаман болса,
Өмірің кетеді.
Қызың жаман болса,
Жеті атаңа жетеді.
Әйелің жаман болса,
Әттеген-ай мен күнің өтеді.
Жаманнан жақсы туса,
Нұр болады.

Жақсыдан жаман туса,
Жын болады.
Ат жүйрігі қайырады,
Тіл жүйрігі айырады.
Ауыз бұзбайды, бауыр бұзады.
Катты сөздің біліп айтылғанынан да
Білмей айттылғаны ауыр.

Әділ болмасаң өзгенің емес,
Өзіңнің ақың кетеді.
Әділетсіз ортада болсаң да
Әділеттен үміт үзбе.

Жамандыққа бойы үйренген,
Жақсылыққа тосырқайды.
Жол жақсы болса, жер жақын
Пейіл жақсы болса, жолдаст жақын.
Көңілі алаңның ісі шала,
Сүмға құлық күнде келеді.

Әйеліңмен дос бол,
Үйіңе береке кіреді.
Азаматпен дос бол,
Кәдірінді біледі.

Білімдімен дос бол,
Сасқанда ақыл береді.
Көкірек таза болмаса,
Көз тазасы не керек.
Денең таза болмаса,

Тіл тазасы не керек.

Жақсыдан жақсы туса,
Еккен шынарың емеспе,
Жаманнан жақсы туса
Өмірінің шырағы емес пе.

Жан ашырың болмаса,
Жатпен жалғыз жүрмеңіз
Қостаушыңыз жоқ болса,
Біле тұра білмеңіз.

Ағайын ала болғанда
Ауыздағы ас кетер.
Аңдыған дұшпан қүшейіп
Жау қолында бас кетер.

Атасы өлмеген елде жоқ,
Ұлы өлмеген ұрудада жоқ.
Қызы өлмеген қырымда жоқ
Қатыны өлмеген халықта жоқ.

Сіздің балаңыз өлген жоқ
Бәріміз баратын жерге кетті.
Қайғы түбі қара су
Батарсың да кетерсің

Тәуекел түбі жел қайық
Мінерсің де өтерсің.

Толыбай сыншының Жәнгір сұлтанға
айтқаны.

ЖАМАН ҮРЫМ ЖАСАМА

Тәмсіл еткен бұрындар
Қазақта талай ырым бар.
Үзік сырын білетін
Үлкеннен сұрап ұғындар.

Атты басқа ұрмайды,
Көкті қолмен жүлмайды,
Жалғасқан ырым-тәrbie
Жұмада кір-қол жумайды.

Ақты жерге төкпейді,
Малды басқа теппейді
Пышақтың жүзін жоғары
Қаратып тастап кетпейді.

Кісіге пышақ сұқтама
Жерде кеште үйиқтама,
Кемтарға күлме, кімге де
Көп қарама сұқтама.

Асты аяқпен баспа,
Күлді көкке шашпа.
Су, құдыққа түкірме
Маңдайшаны төмен баспа.

Көпке топырақ шашпа
Табаныңды тартпа.

Босағаны керме де,
Табалдырықты баспай атта.

Таянба бүйір, жағынды,
Ақты тәкпе
Дегендей көп-ақ ырымдар
Көзге аян, көкейге қонымды.

ТҰРМЫСТАҒЫ ТИЫМ СӨЗДЕР

Бос бесікті тербетпе ұрпақсыз қаласың. Бесікті аяқ астына тастама, бесікті сатпа. Бесікті көрінгенге берме, ашық қалдырма. Бесікті қадірлесең, баладан немере, немереден шөбере, әрі қарай жалғаса беред.

Басынды жусаң, маңдайыңнан бастап жу, періште маңдайға береді, шайтан желкеңнен шықсын деген ырым бар. Шашынды отқа салма, тастама. От тамыр ғазабы.

Тұнде тырнағынды алма шайтан ісі. Үйде отырған қонақтарды, от басындағы жандарынды санама. Көз тиеді. Адам шығыны мал шығыны болады.

Үйге қарай жүгірме. Қауып қатер болады.

Күрек, айыр, сыпырғыштың басын жоғары көтеріп қойма. Ұстарға кісі жоқ деген ырым.

Күн батар уақытта ұйықтама. Науқас адамның өзіне, күн батып барады, басынды көтеріп отыр дейтін, әке-шешелеріміз.

Қолынды жуғаннан кейін сілікпе. Үрысын кетеді.

Кірдің сұын баспа, барлық жамандық кірдің сұымен кетеді, оны басу оны үйге әкелу.

Ішінді тартпа. Қайғыланған ата-ана жылай, жылай, шама кеткенде ішін тарт.

Тізенді құшақтама “Қу тіземнен басқа құшақтарым қалмады” деген жаман ырым.

Жол иесі тұяқ, сөз иесі құлақ, су иесі бұлак.

КӨРІКТІ СӨЗДЕР (Бата беру)

Үйлеріңіз кеңісін, кейісініз кемісін. Ұл-қыздарыңыз жетелі болсын, ержеткенде некелі болсын, некелінің бекемі болсын.

Әр ата-ана шөбере сүйсек, үрпағыңыз өнеге сүйсін. Көздерің күлімдесін, өмірің бүлінбесін,

көңілің түңілмесін, ерің сұрінбесін, белің бүгілмесін.

Тірінің сөзі дуалы болсын, өлінің арты дұғалы болсын.

Қарғалар шуылдасып ұшса қыста күн сұytады, жазда жамандық шақырғаны, немесе соның белгісін бергені.

Құстар суға түссе, жаңбыр жауады, жер бауырлап ушса, ауа райы бұзылады.

Көкектің даусы оң жағыңыздан естілсе бай боласыз, сол жағыңыздан естілсе, сәтсіздікке ұшрайсыз, алдыңыздан естілсе ауырмайсыз, деніңіз сау болады.

Үкінің тырнағын кесіп алып, бой тұмар қылып сақтаған адам қатерге ұшырамайды, балаларға көз тимес үшін қауырсынын киіміне тағады, баланың бесігіне ілсе, пәле-жала, шайтан жуымайды.

Тауық ерте қонақтаса, ертеңіне жауын-шашын болады, бір аяғымен тұрса, күн сұytады, тауық шақырса жақсылық емес. Мезгілсіз шақырған қораздың басын шабады. Әтештер төбелесіп жатса үйге қонақ келуі мүмкін.

Тырналар қикуламай жоғары ұшса, күн жылы болады.

Құстар қауырсындарын тұмсығымен тарай бастаса, ертеңіне жаңбыр болады.

Үйіңіздің төбесіне қарлығаш не көкаршын ұя салса жақсылық болады.

Қарлығаш пен торғайдың ұясын бұзсаң бетіңе секпіл шығады.

Тышқан нанның бетін қажалап жесе астық шығады, астыңғы жағын жесе астық аз шығады.

Масалар кешке дуылдап ұшса, ертеңіне жаңбыр жауады.

Қысты күні үйде шыбын ұшса, боран болады.

Құмырсқалар илеуінен шықпай қойса, күн жауады. Үйге қаптаса жақсылық болады. Илеуін бұзба.

АБАЙ ТІЛІ АМАН БОЛ

Айналайын ана тіл
Күнің не боп барады
Будандасып басқамен,
Болып алдың шала тіл.

Бұзып сөйлеп шал отыр,
Былдыр қылышп бала тұр.

Баламен кеп екеуі,
Шығарып тұр жана тіл.

Арылмаған азабы
Қайран, қырдың қазағы.
Тілің қалай шүлдір бұл?
Тұрің неге азалы!

Анам айтқан жыр-эні,
Құлағымда тұр әлі.
Екі қазақ бір-бірін
Ұқпаса кім кінәлі?!

Осыны ойлап көрдің бе?
Жойылуға қөндің бе?

Тіл халықтың белгісі,
Тіл тірегі елдің де.

Тілді бұзып дәстүрмен
Біз бұзылдық, бәс тігем.
Қазақ содан қояншық,
Ұлың содан маскүнем.

Тіл аманат саған да ол
Тіл аманат маған да ол.
Абай бол деп тапсырған
Абай тілі аман бол!

МАҚАЛ МӘТЕЛДЕР

Көз көруге, ақыл білуге, жүрек сүюге
тоймайды.

Асай біл аш кезінде, сүйе біл жас кезінде,
Өтірікші түске дейін өзіне де сенбейді.
Ұстара қырнайды, өткір сөз турайды.

Аннан асар аяулық жоқ.
Келісті сөз-күміс, жемісті жұмыс алтын.
Қартайған қыз қалыңдық атанбас.
Көрік үйленгенше, ақыл өле-өлгенше
Тұннің сәні тыныш үйқы.
Өмірдегінің бәрінде өлшем бар.

Қызды білезігіне қарап алма, ақылына қарап ал.

Достықты білмедім дегенше, өмір сүрмедім дс.
Махабbat ләzzатқа бай. Қызғаныш азапқа бай.
Сырқаттанып жатқан сырласа алмас.

Сұлу сұқтануға жақсы, ақылды жұптануға жақсы.

Ең алдымен орын тап. Одан кейін келін тап.

Сұлулық тойда керек, махабbat күнде керек.

Шалқактаған қыз шашына ақ түскенше отырады.

Өттім дей бер арманда, жар таппасаң жалғанда.

Адассаң жолда жүріп қайғырасың

Керіссең қадіріңнен айрыласың.

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ҰҒЫМДАРЫ

Күнге, айға қарап дәрет сындырма

(Күн, ай адам тіршілігі. Сыйлау керек)

“Жаңа ай жарылға, ескі ай есіркे” дейді.

Отты аттама, отты шашпа, отқа түкірме.

(отбасы үй іші, сондықтан отты сыйла).

Суға дәрет сындырма, суға түкірме,

Қара суды сапырма, жас босанған адамды түнде суға жіберме. (судың да сурауы, қасиеті бар).

“Бұлақ көрсөң көзін аш. Судың да сұрауы бар” дейді. Суға өте үнемді болған дұрыс.

Талант - әділетсіздікке қарсылық.

Талап үшін даңғыл жол болмайды, ол қайшылықта ұдайы куресте өтеді.

Дүниедегі ең қауыпты нәрсе үнсіздік.

Дүниедегі ең қорқынышты нәрсе жалғыздық.

Пайда ойлама, ар ойла, талап қып артық білуге

Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарының тіленбей

Еңбек етпеген аштан өледі.

Жақсылықты тек Құдайдан, содан кейін өзіңден күт.

У ішшенде, су ішшенде елмен көр

Сабырлық әр қашан жолдасың болсын

Сабыр түбі сары алтын.

Тәуекел түбі жел қайық, өтесің де кетесің.

Атаңда, анаңда маңдай терің

Ақты қара деушілерден сақтан.

Қызғанушылық, көреалмаушылық жаман қасиет

Халықтың сенімінен айрылсан, қаражаяу қаласың.

Шалқайғанға-шалқай, ол құдай ұлы емес, енкейге еңкей, ол адамның құлы емес.

Өз “меніңмен” келіп, өз “меніңмен” дүниеден өт.

Кімде-кім қазырғы уақытта ана тілін өзінің әдебиетін сыйламаса, оны сауатты мәдениеті адам деп санауға болмайды.

Әркімнің туған тілі-туған шеше, оған бала міндепті сан мың есе.

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Ана тілін білмейтін бір қолы шолақ адам сияқты.

Ақиқаттың көзі алтын.

Өнер халықтікі.

Жаман айтпай жақсы жоқ.

Адам баласы үш күннен кейін көрге де үйренеді.

“Мен бақыттымын” деген адам нағыз бақытсыз адам. Келешегінен үміт үзер деген сөз.

Мен елден ала бөтен бақытты болғым келмейді.

Өз тілін сезбекен бала ана сүтін татпаған жетіммен тең.

Халықтың мәңгі ғұмыры оның тілінде, әр-бір тіл өзінің халқы үшін ұлы.

Ана тілінсіз халық болмайды. Тілсізді ұлт деуге болмайды.

Тура би де туған жоқ.

Алтын көрсе, періште де жолдан таяды.

Қорқыт-қорқыт дегенде осылай қорқыт деппе едік.

Құдайдан әрі де емес, бері де емес.

Ұлт ұясы ана бесігі Ұлт өрісі жар құшағы. Ұлт бақыты қыздардың жүзіндегі күлкі.

Ұят ықыласы қарындаст тілегі.

Ұлының жеңісіне қуанбайтын ана болмайды.

Ұл-қызы азбасын, түқым тозбасын.

Отан от басынан басталады.

Өзің мың жасамасаң да, үрпағың мың жасайды.
Жалғыз бала жарты бала, екі бала жалғыз бала,
үш бала аз бала. Жүзден жүйрік, мыңдан тұлпар.

Басы ауырмағанның, құдаймен жұмысы жоқ.
Ағаш барда, арқан тамда.

Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың
тынысы бар.

Адам болатын бала қонаққа үйір.

Адам еңбегімен сыйлы. Еңбек етсең ерінбей,
тояды қарның тіленбей.

Ауру дертке аусыл жаман, малың болсын содан
аман.

Ауыздың көбі асқа жақсы, қолдың көбі іске
жақсы.

Аштан өлгеннен жарылып өлген жақсы.

Аю өз ұнгірінде, қорқақ өз үйінде мықты.

Аяр, аярға ұрыс даяр.

Байлауы жоқ шешеннен, ұн демеген есті артық.

Бәйге алмаған жүйріктен, белі мықты бесті
артық.

Басы ауырмағанның құдаймен не ісі бар?

Дені сауға құнде той.

Егіншіге жылда арман, балықшыға құнде
арман.

Елшіге өлім жоқ.

Ер есімен сыйлы, жер кекенімен сыйлы.

Еріншектік басқа бәле. Еріншектің ертеңі
таусылмайды.

Жалқауға жазында бір, қысың да бір. Жалқауға жатып ішер керек.

Жаман аттан жаяуым артық, жаман қатыннан бойдағым артық.

Жасында алған білімің тасқа жазған хатпен тең. Жау жоқта бәрі батыр.

Қашқан жауға қатын да қожа.

Ораза-намаз тоқтықта. Иман-ислам да тоқтықта.

Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы.

Қол қысқалығынан тіл қысқалығы жаман.

Қызғыш құсқа көл пана, жетім жанға ел пана.

Мейман атаңнан үлкен.

Молда жоқта молдасың. Молда барда жолдасың.

Өзі үшін қызмет қылған адам, өзі үшін оттаған мал мен тең.

Ізгілік ініден, әділеттік ағадан.

Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар.

Дінінен айрылу дүлейлік.

Тарланнан алған табылым, тірліктің таныр тағлымын.

Жақындама жамандыққа, ауызынды ауыздықта.

Кімнің қандай пиғылы, соған қарай құдайдың да сыйлығы.

Қалқан құлақ атансаң да, салпан құлақ атанба.

Айға айбар шекпе. Топырақ шашпа көпке.

Дүние былғаныш, тұнығынан іш.

Шындыққа су да өтпейді, күнде өтпейді.

Алла бермегенді, молда бермейді.
Еңбектен асар ермек жоқ.
Молда болмасаң болма, өз ісіне жорға бол.
Ұлы болсаң жақсының, құлы болма нәпсінің.
Қайрымдыға қарғыс жоқ, қайрымсызға алғыс
жоқ.

Опасызда Отан жоқ. Отансызда қапа көп.
Күдайдың ісі күдіксіз, шайтанның ісі үмітсіз.
Қарын қазы-қартамен тоймайды, қанағатпен
тояды.

Адамның өз иттігі есінде қалмайды.
Үнілген сайын ішіне, ұқсайсың басқа кісіге.
Жылату оңай, жұбату қыын.
Арқан ұзын, жіп қысқа, керек болар бір тұста.
Еңістен бастап өрге шық, есіктен бастап төрге
шық.

Сардар басшы, Сарбаз қосшы.
Дәптер жұқа, кітап қалың, таныс бұл барша
затты осылай салыстыр.

Үндемес пен зар жоқ, айтыспайды зар жақ.
Тігу қыын, сөгу оңай. Теру қыын төгу оңай.
Ездік өлімге төтелер, ерлік өмірге жетелер.
Алауыздық ірітеді бірлікті. Бірлікпенен сәндеу
керек тірлікті.

Корлықтың зоры зорлық. Зорлықтың түбі
корлық.

Қазақты момын дейді, момын емес батыр. Тек
біріне-бірі батыр.

Қазаққа бір-біріне қарауыл керек емес, құдай бір-
бірін андырыстырып қойған.

Қазақ намысшыл, бірақ намысшылдығы өз арасында ғана.

Қазақ бірін-бірі мұқатуға шебер. Тілі аңы, шағып алады. Өзі мақтаншақ, атаққұмар, жүзге, руға бөлінгіш қайдан бірлікшіл болады. Өзінің артының ашылып тұрғанында жұмысы жоқ басқаға ақылшыл.

Қазақ мақтанады, бәсекелеседі, бірақ, басқа елмен емес, жүртпен емес, өзімен өзі жарысуға құмар.

Қазақ шын білім алу үшін емес, тек атақ, мақсат, билік алып, басқа қазақтан биік тұру үшін.

Қазіргі қазақ пәтуәсіз, сөзде тұрмайды, қадірлемейді, сөзге мән бермейді “Ойпырмай мынау бір жөн сөз екен” дей салады.

Қазіргі қазақта ұлтық намыс деген атымен жоқ деуге болады. Қазақ өз тілін, дінін, ғұрып салтын білмейді, білейін деп ұмтылмайды. Кәрі-жасына дейін, атасын арақ-шарап өлтіргендей құныққан, басқа ұлтан да басып озып барады.

Өзбек өзге жүртты ұнатпай тұрса да, сырт көзге білдірмейді. Өзбек болған қазақ көп, ал басқа ұлт қазақ болған жоқ

Қазіргі осындай жағымсыз жағдайын көре тұра бұрынғы ата-бабаларымызға қайран қаласың, неткен данышпан еді деп. Бұл қазақ түзелмесе, қазақ елі өркенді ел болады деуге күмәндісің.

“Қазақ ырым етеді. Ырымы қырын кетеді, не тұс түлкінің боғы” деп аса беріліп сәуегейлікке сенбеушілік те бар.

“Ел іші алтын бесік. Құдайым би қылмасаң да
би түсетін үй қыл”.

Қарғып мініп, ырғып түсер ат емес, байлық,
деген оңай келер зат емес.

Ашулы сөз анайы. Такырып таныған тәртіпті.

Сөйлеген сөзі шырайлы. Істеген ісі ылайық.

Бұл ғұмыр күнә-кінә жиынтығы, содан да пәк
болудың қындығы.

Құдайы жоқтың шырайы жоқ.

Иманды берік ұстар Алла туын. Имансыз
дүниеге шашар уын.

Көп сұлуға таңырқап, таңдай қақтың. Тәйірі,
қызуы ғой жастық шақтың.

Әйтеке шын сұлулық имандылық. Құдайдан
құдіретті кімді таптың?!

Жағалай жүртты жамандап, жақсы болмас еш
адам. Түсінбей жүр осыны. Топастанған кей адам.

ЖАРАПАЗАН (Батасы)

Үйің, үйің үй екен,
Үйдің көркі сый екен,
Ақ ордадай көрінген,
Қай мырзаның үйі екен?

Бай Мұхаммед ұмбетіне жарапазан
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.
Ассалау мағалайқұм, ақтан келдік
Күн шығып, айы туған елден келдік.
Біз айтсақ жарапазан - әдет-ғұрып,
Пайғамбар жолын қуып атқа міндік.

Бай Мұхаммед ұмбетіне жарапазан
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.

Айтамыз жарапазан еліңізге
Байлаңыз паршы орамал белімізге.
Байланса паршы орамал белімізге,
Қайтамыз мақтап-мақтап елімізге.

Бай Мұхаммед ұмбетіне жарапазан
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.

Мінгені Пайғамбардың сары атан-ды
Әр үйде мұндай тұрсақ таң атады.
Әкеліп ықыласпен садақанды
Кол жайып, құдай үшін ал батамды.

Бай Мұхаммед ұмбетіне жарапазан
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.

Ассалау мағайкүм, бақтан келдін,
Ай туып күні шыққан шақтан келдік.
Айтты деп жарапазан сөкпеңіздер
Пейілін от басының мақтан көрдік.

Бай Мұхаммед ұмбетіне жарапазан
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.

Меккеде бір ағаш бар іші қуыс
Намаз бен оразада ұлken жұмыс.
Ұстасаң оразаны, жұмағында
Шашылар жемістері уыс-уыс.

Бай Мұхаммед ұмбетіне жарапазан
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.

Айтамыз жарапазан есігіңе,
Ұл берсін туған айдай бесігіңе,
Ұл берсе туған айдай бесігіңе,
Жазғаны жақсылықты несібіңе.

Бай Мұхаммед ұмбетіне жарапазан
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан

ЖАРАПАЗАН (екінші түрі)

Үйің, үйің үй екен
Үйдің көркі ши екен
Саба көркі бие екен
Сандық көркі түйе екен
Ақ төбеден көрінген
Қандай байдың үйі екен?

Бай үйіне берекет,
Шыға берсін пәлекет
Осы үйдегі ағайды
Пәледен құдай сабыр ет.
Адыр-адыр таулардан
Айғыр мініп біз келдік
Айғыр басы бой бермей
Бай үйіне кез келдік.

Бұдыр-бұдыр таулардан
Бура мініп біз келдік
Бура басы бой бермей
Бай үйіне кез келдік.
Кірсін дәulet есікten
Шықсын бейнет тесіктен
Қоңыр қасқа қой әкел,
Жарапазан естісең.

Ассалаумағалайкүм, ақтан келдік,
Ай туып, күні шыққан жақтан келдік
Айтты деп жарапазан сөге көрме,

Пайғамбардың жолын қуған адам едік.
Ассалаумағалайкүм, дәуіт, ғалам,
Ағайға осы үйдегі бердік сәлем.
Ағайға осы үйдегі берсек сәлем
Айтамын қабыл болсын Аллатагалам.

Айтайық жарапазан еліңізге,
Байлай көр парша орамал белімізге.
Байласаң парша орамал белімізге,
Барамыз мақтай-мақтай елімізге.

Айтайық жарапазан енді сізге,
Пітірін оразаның берсең бізге.
Пітірін оразаның берсең бізге.
Қойыңыз мыңға жетер келер күзде.

Айтайық жарапазан ауылыңа
Байласаң алпыс бие сауыныңа
Көңілің ақ, құнәден пәк болсаң
Бейшітің кіргізеді қауымына.

Мінгені пайғамбардың қызыл інген
Үші алтын бүйдасының түбі түзген.
Агалар ерте тұрып шақыр азан
Ақшыл қой қарадағы содан өрген.

Пайғамбар бес қамыстан кеме ескен
Бір жағын кемесінің тышқан тескен
Жерінен тышқан тескен су құйылып
Ақтылы қой қорадағы содан өрген.

Мінгені пайғамбардың қара аласын
Аулынды қазыр келіп араласын.
Аулынды қазыр келіп араласа
Төріңе төрт періште саяласын.

Айтайық жарапазан есігіңе
Ұл берсін Ер Ғалидай бесігіңе,
Ұл берсе Ер Ғалидай бесігіңе,
Болады өзі батыр несібіңе.

Артында үйінде орда болсын
Біреуі балаңыздың молда болсын.
Алғанда жау жағадан бөрі етектен
Балаңның молдалығы сонда болсын.

Артында үйінде шатыр болсын,
Біреуі балаңыздың батыр болсын.
Алғанда жау жағадан бөрі етектен
Балаңның батырлығы басым болсын.

Қайырмасы әр екі жарапазаннан қейін:

Мұхаммет үмбеті айтқан жарапазан
Бір келген он екі айда ораза иман.
немесе: Мұхаммет үмбеті айтқан жарапазан
Оразан қабыл болсын, ұстаған жан

ҚОЛ ЖАЙЫП БАТА БЕРУ

Міне бата ақ ниет
Бола берсін берекен.
Қыын дейді қиямет
Жақын дейді ақырет
Құлшылық қыл Аллаға,
Қыл көпірден таймай өт.

Кірсін дәulet,
Шықсын бейнет.

Алла атымен ниет ет,
Жоқ жітікке рахымет.
Сіздерді Тәңір қолдасын
Уайым-қайғы болмасын.
Қабыл болсын Оразаң
Әuletінді ондасын!

Үй иесі қонақтың құлы
Құс екеш құста өз үясын өзі согады.

Шіріген сатымен шатырға шықпа
Қойы көптің қорасы да үлкен
Жүрдек атқа жем де көбірек бұйырады
Сипап та көріп құйрығын, танырсың
Тұлпар жүйрігін.

Отты отпен өшірмес болар
Жетімнің жетіскең күні жоқ.

Шығыс кірістің серігі.
Ұйтқысыз айран ұйымас
Ит күзетпесе отарды,
Қасқыр торыр қотанды

Жаман аспан барында,
Жақсы өмірге үйренем деп сабылма.
Тұлкінің билетін мың ертегі
Бәрі де тауық туралы сыр шертеді.
Тәбеттен сарқыт қалмайды, сарқыт қалса,
Арыстан татып та алмайды.
Жаман адамды түйе үстінде ит қабады.
Құдай да бергенге береді.
Жаста өлім берме, қартайғанда бейнет
берме.
Кәрінің бәрі өледі, жастың ажалдысы өледі.
Ағайын болсан, тату бол.
Нан-тұздан артық тағам жоқ
Бардың ісі пәрменмен өтер, жарлының ісі
арманменен өтер.
Жаманның ойны жаман, шошқаның мойыны
жаман
Жыламаған балаға емшек бермейді
Жұтынған шүкірге тоймайды, және жүртын
мақтауды қоймайды.
Берейін десе құдайда қазына көп
Құдайдың берері көп, ерінбей еңбек ет
Ел ұрысыз болмас, тау бөрісіз болмас.
Ет тәттілігін қойса, ұры ұрлығын қояр еді
Су ағады сағадан, жол болады ағадан
Ағасы бастар, інісі қостар
Жоқты жоқ табады
Саудада достық жоқ
Елдің елдігі ауыздың бірлігі,

Ердің ерлігі етінің тірлігі.
Төркіні жақынның төсегі жинайлмайды
Өзі келіп, өзі кеткен қонақтың
Садағасы кетпейсің бе?
Құтты қонақ келсе, қойың егіз табар.
Өлместі құдай жаратпас, сынбасты шебер
жасамас.

Аз аздан үйреніп, дана болады.
Ас атасы нан.
Құранды басып нанды алуға болады,
Ал нанды басып, құранды алуға болмайды.
Алтын күміс-тас, арпа-бидай ас.
Өзін-өзі жеңгеннен мықты адам жок
Сыилы болғыңыз келсе, біреуді сыилай біл.
Нашар ерек үйде батыр, түзде қатын.
Жаман еркектен, жақсы әйел артық.
Нашар туыстан, жат артық.
Жақсы, жаман болу әркімнің өзіне

байланысты

Ағайын жоқ болсаң бере алмайды, бар
болсаң көре алмайды.
Шығасыға иесі басшы болады.
Қатты айтсаң көңілі қалады, ақырын айтсаң
жүре тындайды.
Ойыннан от шығады, ойланған дұрыс болар.
Бата алған батар, бата алмаған қатар
Мал құлағы санырау. Қызығуға болады,
қызғануға болмайды.
Сүюге де, сүйсінуге де болады.
Жүйрікті көрсө, жүйріктің аяғы

тыптырлайды,
Жүйрікті көрсө, жүйріктің делебесі қозады
Аяп мақтағанша, жақсы көріп, ұрысқан
артық.

ЖЕТИ ҚАЗЫНА

Қыдыр Алланың керемет иесі, етіп
жаратқан

пайғамбары, сүйген құлы. Алланың өз
ұнатқан адамына дариды.

Бақ Бақ дарымайды, қонады. «Қыдыр
дарып,
бақ қонсын» - деген бата осыдан болар.

Ақыл Байлық пен бақыттың тірегі.
Ақылды
халық берік қамал, ақылды ер кіреукі
сауыт деп бағаланады.

Денсаулық Дениңзде саулық болмаса,
өмірінде
сән де, мән де болмайды.

Ақжаулық Алла адам ұрпағын жарату
үшін
Хаяна-ананы Адам- атаның сол
жақ қабырғасынан жаратқан.
Жалғыздық бір Аллаға тән қасиет.

серігі, досы әрі қорғаушысы деп саналған.
БҰҚАР ЖЫРАУДЫН БІР СӨЗІ.

«Ғалымның хаты өлмейді,
жақсының аты өлмейді».

ЗЕЙНОЛЛА ӘКІМЖАНОВ

«Сескенген үрейленген
Секем едік.

Борышты баба алдында өтемедік
Қазақтың ел басқарған ханы жоқтай,
Орыстың патшаларын «Көке» дедік.

ЖАЙЫҚ БЕКТУРОВ

«Арыңды, атағыңды асқа сатпай,
бала біл ел-жұрттыңың азаматы.
Бірлік пен тірлік те күтіп тұр-ау
Біздерден әз-халқымның жамағаты.

Сөзімді, тілегімді саған айтам,
Халқымның кейінгі ұрпақ журағаты.
Өзінің тілін, жерін аямауға,
Халқымның, ел-жұрттымның бар-ау қақы».

«Игі істің басы тіл» (Мақмұт

«Кісіге құт тілден» (Ж.Баласағұни).

«Үімдүй білмеген, дымды білмейді» немесе
Тілді білмеген, дымды білмейді» деуге
болады.
«Өз тілін білмеген адам жарты адам».

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

«Кешкен емен өмірдің кіл шуағын,
Кейде ауыр ойлардан тұншығамын.
Ана тілім қасиетім жырымдағы
Тілім бітсе, халқымның құрығаны.
Сәлем саған, жас буын жалғастарым.
Болашақта сендермен жалғасамын.
Мен жалғасамын қазақтың тілі арқылы,
Ана тілін ауадай ардақтаған!
Сақтар болсаң халқынды тілді сақта,
Баға жетпес мұра жоқ тілден басқа.
Тілден басқа жиňаздың бәрін түгел
Базарлайсың қалтанда ақшаң болса.

IY БӨЛІМ

ШЕЖИРЕСІ

ЖЕТИ АТАНЫ БІЛУ ПАРЫЗ.

Қолыма қалам алдым қағазбенен,
Білгенімді жазсамба деген сезімменен.

Жеті атаны білуің парыз болар,
Әр үрпақ келе жатқан кезіменен.

Ел болып, жеті ата қоныстанған,
Ол елге бір атаның атын қойған.
Қысы-жазы туыстар бірге болып,
Іргесі еш уақытта бұзылмаған.

Қоспан мен Абдрахманға енші беріп,
Атам Мақаш Ілиасты алыш қалған.
Үлкеніміз Көкен отырған Қара орман
Келе жатыр ұлы атамыз Шомақайдан.

Тармақтап Шомақайды таратпақпын,
Кәдесіне үрпақтардың жаратпақпын!
Шомақайдан Мақаш пенен Нұрмағанбет,
Жалғасы әрі қарай тарай бермек.

Мақаштан Қоспан, Ілиас, Абдірахман,
Атамнан байқастырсам қыз болмаған.
Әкеміз Қоспан марқұм момын еді,

Аузынан қойдың дағы шөп алмаған.

Атамыз аты шулы бай болмаған,
Дегенмен, дәүлеті, сірә, аз болмаған.

Балалары медреседен білім алып,
Үлкені ел сыйлайтын молда болған.

Зардабын төңкерістің көрдік талай,
Жылысып көшіп кеттік ішке қарай.
Жерсінбей орыс жерін қайтып келдік
Ортасында 32-жылдың күзге қарай.

Ағамды «молдасың» деп қысым салды,
Сан талай жаяу айдал, қамауға алды,
Мешіт ұстаған молда болмаған соң,
Кепілдікке көп шалдар алып қалды.

Десе дегендей атына сай Бибіғали,
Анамыз, аруағына садаға, Ғали еді.
Қайратты, қайтпас жігер, күшіменен,
Тәрбие бәрімізге беріп еді.

Адамгершілік, іскерлікке үйреткен,
Мың раҳмет! Ата-анам.
Пейіште болсын тұрақтарың.
Тілеймін жаббар Алладан!

Қоспаннан Бікан, Шөкен, Салық
Қайреш төрт ұл болдық.
Қыздары Күлән, Күльзипа барған жері.
Құдаларымыз Мұса мен Бостаудың

Әбілдері.

Бікеннан, ағамызды Кәм деп өстік,
Тобыл, Сартай, Аманжол өсіп жетті.
Ануар қыздардың бірі емес пе қабыледті
Зара да үйлі боранды болып кетті.

Шөкеннен бір ұл Майкеш, жеті қыз,
Сара, Ажар, Ләйлә мен Мәрзия
Тәнзилә мен Мәриәм және Нәзилә,
Кіршіксіз өскендеріңе әкең аруағы риза.

Екінші дүниежүзлік соғысқа,
Аттанды ағамыз Салық та.
Салықтан ұрпақ қалмады,
Қаза тапты қырғын ұрыста.

Бейіті Варшава қаласында Польшаның
Зират ету еді бір арманым.
Пенделіктің құрсауынан шыға алмай
Кез болдым қыйыншылығына заманның.

Жұрбек, Манарбек, Ниязбек Қайрештен:
Рауза, Райса асып туды өзімнен.
Үш мүшелге жетер-жетпес кезінде
Тұяқ қалтырып өзінен Жұрбек өтті

дүниеден.


Елиястың Көкен, Құзембай ұлдары,
Сақып, Ақық басқа жұрттағы қыздары
Құзембай да шаит болды соғыста,
Өкінішті, артында ұрпақ қалмады.

Көпеннің Қайдар атты бар ұлы
Қайрат дейді үлкен-кіші, достары
Зияш, Зура, Майкура, Нурилә.
Өркенді өскен тал шыбықтай қыздары.

Абдірахманнан Күлбаршін, Дәкеш
Қарамырзаның тұрмыстағы апалары
Көп жасаған Әбекендей әзірге
Тұқымымызда біздің жан болмаған.

Аттарын жаза отырып немерелер,
Тармағын Мақаш-ата тамамдадым.
Өрбітіп әрі қарай әкетуге,
Аттарын шөберелер біле алмадым.

МАҚАШТАН ТАРАҒАН ҮРПАҚ



Шөкен⇒(Мінайдар, Сара, Ләйля, Ажар,
Мариям, Танзила, Марзия, Назила)
Мінайдар⇒(Мұрат, Марат, Талғат)

Салық⇒Тобыл⇒(Арман, Нұрлан, Шынар,
Руслан)

Құлән⇒Мақпұза
Құлзипа (жұбайы Рақымжан)⇒(Дулат, Талғат,
Қанат, Раушан, Балғын, Құрақ, Райхан,
Айгерім, Айдын).

Қайреш⇒Жүрбек, Манаrbек, Ниязбек, Роза, Райса
↓ ↓ ↓ ↓
Бауыржан Индира Әлішер Динара
Дилара Ельвира Диана
Mariana

Илиас⇒Көкен, Күзембай, Сақып, Ақық, Зияда,
Күлзайра

Көкен⇒Қайрат, Зияш, Зура, Нұрия, Майнұра

Абдрахман⇒Қарамырза, Күлбаршын, Дакеш
↓
Марал
Орал
Ляззат
Амангелді
Анар

Алтын
МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ.

ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ. ЕСТЕЛІКТЕР
ҚЫЗМЕТТЕС ЖОЛДАСТАРЫНЫҢ
ЕСТЕЛІКТЕРІ

1. F. Қадірәлі. Білгір басшы, ұлағатты ұстаз еді....
2. Қ. Мұқанов. Абзал азамат, білікті ұстаз.....
3. А. Башмаков. Слово о мугалиме.....
4. А. Сенькина. Его авторитет был непрерываемым.
5. Ж. Сейітбеков. Жақсыға жаны құмар адам.....
6. А. Нұрғалиұлы. Қимасым-ай.....
7. К. Байтусова. Навсегда остается в нашей памяти.
8. Л. Гусейнова. До сих пор благодарна.....
9. Н. и Р. Пуштановы. Он всегда был и есть
пример для нас.....
10. А. Бауkenov. Достойный человек.....
11. Қайрөш Қоспанов туралы естелік лебіздер.....
 Н. Қойшығарин
 Н. Мұсақұлұлы
 О. Жанмырзаұлы
 Қ. Қалиұлы
 С. Шекенқызы
 М. Қасенов
11. Қайрөш Қоспановтың шәкірттерінің естеліктері
 С. Елемесов. Ұстаз туралы бірер сөз
 М. Жантлеуов. Был требовательным и
 заботливым.

К.Жандосова. Все начинается с любви
Ә.Сәрсенбаева. Еңбек етуге үйрете білген
12. Қайреш Қоспановтың туыстарының естеліктері
Т.Қоспанов. Ақылды қамқоршымыз еді
Д.Әбілов. Эрқашан жұмысты бірінші орынға
қоятын
Б.Байгентов. Образец порядочности и
воспитанности
М.Коспанов. Он был трудолюбивый
Р.Айдарова. Счастье иметь такого отца.
Қ.Қоспанова. Сүйіктім, жан жолдасым.

II БӨЛІМ ҚАЙРЕШ ҚОСПАНОВТЫҢ ӨЛЕНДЕРІ

Туған жер
Елге пана болмайды
Жастарға
Бір қызыға
Кешірімсіз іс істеп
Үйрен, оқы, білім ал
Бурабай
Достық деген қасиет
Туыстарға наз
Ана тілім
Кітабым
Қ...ға
Ақ арақ ішкен кемпірлер
Үлкені бір түқымның болып қалдым
Таныс бол бұл қонағың Қайредден

Толғау
Имандылық
Емделу
Өмір жайлы
Ойлар
Жүрегім
Ауруханада
Кемпір-шал болғанда
Балаларым
Қаншайымға
Ауыратынын бұл денем ерте сезді
Ал туралы
Күлзипа апайдың 60 жасқа келуіне
Ниязбек пен Гүлімге
Қаншайымға
Жүрек
Ажал
Кімге қалай?
Сақал
Тоқта, ойлан, қазағым
Жастарға айтарым
Дәulet
Дала
Зұлымдық
Ел
Әке
Бала, ана
Өмір
Қызы
Не қымбат?

Балама
Курорттан бір көрініс
Жетегіне біреудің
Жастықпен бе, білмеппін
Кавказдан шыққан нарзанмен
Кавказдың асуындай аса бер сен
Ескерткіш үшін қолжазба
Өсиет
Раиса Қайрөшқызының анасының 60 жылдығына
арнап жазғаны

III БӨЛІМ
ҚАЙРЕШ ҚОСПАНОВТЫҢ ҚОЛЖАЗБА
ДӘПТЕРИНЕН

Нақыл сөздер
Жаман ырым жасама
Тұрмыстағы тиым сөздері
Көрікті сөздер (бата беру)
Абай тілі аман бол
Мақал мәтелдер
Ұлттық болмыс ұғымдары
Жарапазан (батасы)
Жарапазан (екінші түрі)
Қол жайып бата беру
Жеті қазына
Бұқар жыраудың бір сөзі
Зейнолла Әкімжанов
Жайық Бектұров
Ахмет Байтұрсынов

ІҮ БӨЛІМ
ҚАЙРЕШ ҚОСПАНОВТЫҢ ШЕЖИРЕСІ

Жеті атаны білу парыз
Мақаштан тараған ұрпақ

ПРИЛОЖЕНИЕ

173



Рисунок 1. Қаншайым мен Қайреш




Рисунок 2. Қайреш әскерде.




Рисунок 3. Қайреш әскерде.



Рисунок 4. Студент, 1954



Рисунок 5. Студент, 1955ж




Рисунок 6. Студент, 1955ж



Рисунок 7. Студент, 1955ж



Рисунок 8. Жерлес студенттер, 1955ж



Рисунок 9. Қайрештің бірге туған ағасы Бікан Қоспанов



Рисунок 10. Қайрештің апасы - Күлзипа, жиені-Рауша және жұбайы-Қаншайым



Рисунок 11. Қайрештің ағасы - Салық, жездесі
Әбілов Раҳимжан т.б.



Рисунок 12. Қайреш және Құлзипа (1998ж)



Рисунок 13. Үйләну тойы: Шөкөнқызы Сара мен Мейра



Рисунок 14. Қайреш және Тобыл



Рисунок 19. Рауза мен өкесі 1975ж




Рисунок 16. Жанұя мүшелері



Рисунок 19. Рауза мен өкесі 1975ж



Рисунок 20. Раиса мен өкесі



Рисунок 21. Раиса мен Манарабек



Рисунок 22. Раиса



Рисунок 23. Ниязбек



Рисунок 24. Раиса, Ниязбек, Диана (њемере)



Рисунок 25. Немерелер: Эльвира, Индира, Дилара



Рисунок 26. Ата мен ана, немерелері: Диана, Алішер
күйеу - Сматулла, келіні - Гұлім




Рисунок 27. Қайреш нәмерелерімен Динара, Диана



28. Динара, Дилара, Бауыржан (Қаншайымның ж



Рисунок 29. Қ.Қоспанов Ленин орта мектебінде. 7 сынып



Рисунок 30. Ленин орта мектебінде



Рисунок 31. Ленин орта мектебінде 50 жыл



Рисунок 32. Кривощеков мектебі бір топ мұғалімдермен



Рисунок 33. Кривощеков мектебін бітірушілермен



Рисунок 34. А.А. Башмаков - ҚР парламентінің сенаты
5 сынып оқушыларымен 1970 ж.



Рисунок 35. Қайреш өз кбинєтінде. Балалары Рауза және Журбек 1967 ж.



Рисунок 36. Архангелка мектеп-интенатында



Рисунок 37. Мұғалімдердің Республикалық съезінде, Алматы 1987 ж.



Рисунок 38. Мұғалімдердің облыстық съезінде, Қызыл-Жар 1960 ж.



Рисунок 39. Мұғалімдердің Республикалық съезі.



Рисунок 40. Волгоградта 1971 ж.



Рисунок 41. Ыстық көлде, 1973 ж. Ниязбек әке-шешесімен




Рисунок 42. Шортанды санаторий, 1978 ж



Рисунок Кисловодске, 1980 ж.



Рисунок 44. Динара ата-әжесімен. Мәскеуде 1982 ж.



Рисунок 45. Шортанды санаторий. 1982 г.



Рисунок 46. Новоросийск курортында. 1981 г.




Рисунок 47. Сочи курортында, 1983 г



Рисунок 48. Динара, Диана атасымен. Мәскеуде 1986 ж.



Рисунок 49. Қарағанды қаласында. Қайрештің балалары Раиса, Ниязбек, Рауза, нәмерелерді Динара мен Диана




Рисунок 50. Қайреш орал қаласында, 1973 ж.
Директорлар жиынында



Рисунок 51. Сары-Агаш, 1980 год.



Рисунок 52. Семья Коспановых с родственниками.



Рисунок 53. Кайреш Коспанов в кабинете (1967)




Рисунок 54. Самарканд



Рисунок 55. Архангельская школа-интернат.
Выпускной вечер



Рисунок 56. Ташкент.



Рисунок 57. Родители Каншайым




Рисунок 58. Сноха и племянник



Рисунок 59. Племянник Сартай и сноха Зейнипа



Рисунок 60. Сестра Кульзипа, Кайреш, Каншайым,
сын Ниязбек и сноха Зайра



Рисунок 61. Бишкуль. Семья Коспановых



Рисунок 62. Коллектив Кривоцековской СШ



Рисунок 63. Выпускники Кривощековской СШ




Рисунок 64. Кривощековская Средняя школа, 1968 учебный год



Рисунок 65. Кайрещ с семьей и внучкой



Рисунок 66. Кайрещ с женой и внучками



Рисунок 67. Москва, 1983 г.



Рисунок 68. Кайреш с внуком и внучками



Рисунок 69. Семья Коспановых (1966)




Рисунок 70. Кайреш, сын Ниязбек и внук Алишер



Рисунок 71. Кайреш Коспанов с женой



Рисунок 72. Свадьба в Костанае



Рисунок 73. Кайреш и сын Ниязбек



Рисунок 74. Свадьба у племянницы

Рисунок 75. Коллектив Ленинской средней школы



Рисунок 76. Коллектив Кривошековской СШ



Рисунок 77. Кавказ (близ Пятигорска).



Рисунок 78. Есентуки



Рисунок 79. Курорт Нальчик



Рисунок 80. Курорт Нальчик



Рисунок 81. Выпускники Кривощековской СШ



Рисунок 82. Кавказ



Рисунок 83. Курорт Кисловодск



Рисунок 84. Курорт Кисловодск



Рисунок 85. Нальчик



Рисунок 86. Семья Каншайым



Рисунок 87. Кайреш Коспанов, Анатолий Иванович Коломиец,
Александр Кузьмич Хромов, Касым Жахинович Мусин




Рисунок 88. Сын и внуки




Рисунок 89. Внучки и внук




Рисунок 90. Семья Коспановых



Рисунок 91. Кайреш с группой.
(Карагандинский педагогический институт)



Рисунок 92. Кайреш и Каншайым (1956 год)



Рисунок 93. Дочь Райса



Рисунок 94. Внук Алишер



Рисунок 95. На свадьбе сына, 1999 г.



Рисунок 96. Бишкуль, 1998 год



Рисунок 97. Дочь Райса и внучка Динара



Рисунок 98. Кайреш и Каншайым



Рисунок 99. Выпускной вечер в Архангельской школе-интернате.



Рисунок 100. Сочи, 1983 г.



Рисунок 101. Боровое, 1984 ж.




Рисунок 102. Қайреш, Қаншайым, Ниязбек,
Райса және Диана.



Рисунок 103. Кайреш за праздничным столом



Рисунок 104. Кайреш и Каншайым с внуком и внучками




Рисунок 105. Журбек, Райса и родители



Рисунок 106. Родственники Кажрахимовы



Рисунок 107. Сартай, Алма, Бахытжан, Тимур




Рисунок 108. В доме старшего сына




Рисунок 109. Муканов Кайролла Муканович и
Кайреш Коспанов на свадьбе у Ниязбека, 1999 год



Рисунок 110. Сын Ниязбек и внук Алишер. Астана, 2004 год



Рисунок 111. Родственники, с. Бишкуль



Рисунок 112. Архангельская школа-интернат, 1985 год




Рисунок 113. Кайрещ, сын Манарбек и внучка Динара




Рисунок 114. Кайрещ, сын Ниязбек и внучка Динара



Рисунок 115. Мама жены Кайреша и его старшая сестра




Рисунок 116. Внук Алишер и внучка Мариана

ҰЛАFАТТЫ ҰСТАЗ

Редакторы: Қ.Мұқанов

Корректоры: С.Жұмабаев

Компьютерде терген: Н.Байтенова